



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Ұлттық мүдденің кепілі

3-бет

Татулық пен ортақ тағдыр символы

4-бет

Аңыз актрисаны еске алды

8-бет

Жалған ақпаратқа жауапкершілік бар

Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде 2026 жылы табысы 232 мың теңгеден төмен отбасыларға кейбір аурулары бар азаматтарға 432 500 теңге көлемінде біржолғы төлем беріледі деген ақпарат таралуда. Алайда, бұл мәлімет шындыққа жанаспайды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің мәліметінше, қолданыстағы заңнамада мұндай төлем қарастырылмаған. Министрлік азаматтарды күмәнді хабарламаларға сенбеуге шақырады.

Ресми ақпарат мемлекеттік органдардың ресми сайттарында және 1414 нөмірінен жіберілетін хабарламалар арқылы таратылады. Жалған ақпарат тарату заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады.

Мамандардың айтуынша, соңғы уақытта әлеуметтік төлемдерге қатысты жалған хабарламалар жиі таралуда. Мұндай ақпараттар көбіне азаматтарды жалған сілтемелер арқылы тіркелуге шақырып, жеке деректерін алу мақсатында жасалады.

Осыған байланысты, тұрғындарды белгісіз сілтемелерге өтпеу және жеке мәліметтерін бөгде адамдарға бермеу ұсынылады. Күмәнді ақпаратты тексеру үшін мемлекеттік органдардың ресми деректеріне жүгінген жөн. Министрлік өкілдері азаматтарға тек ресми ақпарат көздеріне сүйеніп, тексерілмеген хабарламаларды таратпау қажеттігін ескертеді. Бұл жалған мәліметтердің кең таралуына жол бермей, тұрғындарды алаяқтық әрекеттерден сақтауға мүмкіндік береді.

Өз тілімізден

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

Ұлттық болмыстың ұлы өлшемі

Сөз – адамзатқа берілген ең ұлы аманаттың бірі. Ол көзге көрінбейді. Бірақ, жүрекке жетеді, қолға ұсталмағанымен, тағдырға әсері бар. Осы күдіретті күш әрі асқан энергияның адамды рухтандырып, жігерлендіретін, үміт отын жағып, қияға канаттандыратын әсері орасан. «Рахмет» деген бір ауыз жылы сөз көңілдің қысын көктемге айналдырса, бір ауыр сөз жанды жаралап, өмірлік із қалдыруы мүмкін. Содан да болар, халқымыз сөздің қисінін сезінген. Ал, сол игі сөздердің ішіндегі ең асқағы, ең биік шоқтығы – Алғыс айту.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғыс айту тек әдептілік белгісі ғана емес, адамдықтың айғағы, рухани мәдениеттің шынайы өлшемі, мейірімнің мәйегі мен сүйіспеншіліктің сәулесі іспетті. Дүниетанымымызда шүкіршілік пен алғыс егіз ұғым саналады. Жаратқан ие берген нығметке шүкір еткен жан айналасындағы адамға да шынайы ризашылық білдіре алады. Керісінше, өзгенің еңбегін бағалай білмеген жүрекке мейірімнің тамыры да әлсіз. Халық даналығының «Алғыс алған арман, қарғыс алған жарымас» деп кесіп айтуында да үлкен философиялық астар жатыр.

Қазақ ұғымында «алғыс» пен «қарғыс» – метафизикалық қуаты бар күштер. Бір-біріне



Коллажы жасаған Аруйлым Қоспаева

қарама-қайшы болғанымен, екеуінің де салмағы тең. Алғыстың энергиясы жарық: ол адамға дем беріп, тас жапқан жолдарды ашады. Сондықтан, бабаларымыз «Батамен ел көгерер!» деп, ұрпағының алғыс алуы мұрат тұтты. Сөз қуатына негізделген осы игі дәстүр бүгінде мем-

лекеттік деңгейде маңызға ие болып, күнтізбеде ерекше орын алды.

Соның айқын дәлелі – 1 наурыз күні атап өтілетін Алғыс айту күні. Бұл мерекенің шығу тәркіні тереңде жатыр. 2016 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күніне орай белгіленген бұл күн – тарих-

тың ауыр кезеңдеріндегі бауырмалдықтың символы. XX ғасырдың қилы замандарында тағдырдың жазуымен қазақ даласына қоныс аударған түрлі этностардың басына күн туғанда, соңғы үзім нанымен бөліскен қазақ халқына деген шексіз құрметі осы мереке арқылы көрініс

табады. Бұл – татулық пен сыйластықтың салтанат құруы.

Мұндай ұлттық деңгейдегі ризашылық мәдениеті, ең алдымен, қарашаңырақ – отбасынан бастау алады. «Рахмет» деген қарапайым сөз жүректің қатпарларын жібітеді. Әкенің қамқорлығына, анаңның мейіріміне, ата-әженің ақ батасына білдірілген ризашылық – нағыз тәрбиенің бастауы. Отбасынан басталған осы игі қасиет қоғамның өзге салаларына ұласады: ұстазға айтылған алғыс – білімге құрмет, досқа айтылған ризашылық – адалдық, ал әріптеске білдірілген ілтипат – ортадағы сенімді нығайтатын алтын көпір.

Бүгінгі таңда біз бейбіт аспан астында еркін тыныстап, егемен ел болып отырғанымыз үшін де алғыс айтуға тиіспіз. Тәуелсіз мемлекетіміздің әрбір жетістігі – әр азаматтың қосқан үлесі мен еңбегінің жемісі. Әсіресе, адам өмірінің арасы болып жүрген дәрігерлерге, тыныштықты күзеткен полиция қызметкерлеріне, тілсіз жаумен арпалысқан өрт сөндірушілер мен сарбаздарға алғыс айту – азаматтық парызымыз. Олардың күнделікті елеусіз көрінетін еңбегі біздің тыныш өміріміздің тірегі болып табылады.

Алғыс – әлсіздіктің емес, кемелдіктің, ішкі кеңдіктің белгісі. Рухани биіктікке ұмтылған жан ғана өзгенің жақсылығын көре алады. Қоғамда алғыс көбейген сайын адамдар арасындағы сенім артып, бірлік нығаяды. Сөз – энергия болса, алғыс – сол энергияның ең жарық түрі.

Алғыс айту күні – күнделікті өмірлік ұстанымға айналуы тиіс құндылық. Жақсылықты көре білу, оны бағалау, ризашылық білдіру әрқайсымыздың қолымызда. Себебі, мейірім мен алғысқа толы қоғам ғана жарқын болмақ.

Тариф, технология, тәртіп

Қарағанды қауымының қыстан қорқатын кезі болған бір кездері. Қазір керісінше бәрі. Апталаған аяздар да «қалыпты маусымға» айналды. «Қазақстан әлемдік компаниялардың бәрімен өзара тиімді байланыс жасауға дайын. Бұл ұстаным еліміздің энергетикалық дербестігін қамтамасыз ету жөніндегі мақсатына сай келеді», – деген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сындарлы ұстанымы елдегі жағдаятты түбегейлі өзге арнаға бұрды.

Ерқанат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Үкімет пен жергілікті атқарушы биліктің әрекетсіздігі салдарынан еліміздің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы ондаған жыл бойы қараусыз қалып, бірте-бірте оның жай-күйі өте мүшкіл жағдайға түсті. Қазір бұл ахуалды өзгертіп, инфрақұрылымның тозу деңгейін төмендету үшін тиісті шаралар қабылданып жатыр. Соның ішінде тарифтерді



Коллажы жасаған Аруйлым Қоспаева

ырықтандыру, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инфрақұрылымын басқарудың жаңа моделін қалыптастыру сияқты шаралар бар, – деп атап өтті Мемлекет басшысы

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында.

Қарағанды үшін қыс – енді сынақ емес, мамыражай маусым. Бұрын пештің түтіні мен батареяның жылуы халықтың үмітіне тәуелді еді.

6-бет

Мемлекеттік қызметтердің цифрлық жүйесі

Қазақстанда мемлекеттік қызметтерді цифрландыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Соның нәтижесінде бұрын халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілген көптеген қызмет түрлері онлайн форматқа ауыстырылды. Бұл азаматтардың уақытын үнемдеп, кезектерді азайтуға және қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Мәселен, электрондық цифрлық қолтаңбаны алу қызметі толықтай онлайн рәсімделуде. Қолтаңбаны алу және өтініш беру биометриялық сәйкестендіру арқылы қашықтан жүзеге асырылады. Бұл азаматтарға халыққа қызмет көрсету орталықтарына бармай-ақ қажетті құжаттарды рәсімдеуге жағдай жасайды.

Тұрғылықты мекенжай бойынша тіркелу қызметі де толықтай цифрлық форматқа көшірілді. Бұл қызметті eGov порталы, eGov Mobile қосымша-



сы және банк қосымшалары арқылы қашықтан алуға болады. Нәтижесінде тұрғындар тіркеу рәсімдерін жылдам әрі ыңғайлы түрде орындауға мүмкіндік алып отыр.

Цифрландырудың нәтижесінде қамқоршылар, қорғаншылар және жалдамалы пәтер иелері сияқты азаматтар да тіркеу рәсімдерін онлайн түрде жүргізе алады. Бұрын мұндай қызметтерді алу үшін халыққа қызмет көрсету орталықтарына барып, қағаз құжаттар тапсыру қажет болатын.

Цифрлық технологияларды дамыту алдағы уақытта да жалғасын табады. Мемлекеттік органдар қызмет көрсету сапасын арттыру және халыққа қолайлы жағдай жасау мақсатында жаңа электрондық сервистерді енгізуді жоспарлап отыр. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызметтердің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам болмақ.

Өз тілімізден

• ВИЦЕ-ПРЕМЬЕРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Қауіп жоқ емес

Көктем жақындаған сайын өңірлер үшін ең өзекті мәселенің бірі – су тасқыны қауіпі. Облыста бұл бағыттағы дайындық жұмыстары бақылауға алынып, өңірдің жағдайы Үкімет деңгейінде тексерілді. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев облысқа жұмыс сапары барысында аймақтың әзірлігін зерделеді.



Салтанат І.ШЫШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевпен бірге Вице-Премьер су басу қауіпі бар аумақтарды әуеден шолып, ахуалды бағалады. Әсіресе, былтыр тәуекел аймағына енген Көкпекті, Байқадам, Ботақара, Ақсу-Аюлы, Красная Поляна, Құлайғыр елдімекендеріне, сондай-ақ, Нұра мен Шерубай-Нұра өзендері бойындағы және Самарқанд, Жартас, Шерубай-Нұра су қоймалары маңындағы ауылдарға ерекше назар аударылды.

Қорғаныс дамбалары мен бөгеттердің, гидротехникалық құрылыстардың жағдайы тексерілді. Өзен арналары мен бұрын бекітілген учаскелердің жай-күйі сарапталды.

Чкалов ауылындағы қорғаныс бөгеттері де назардан тыс қалған жоқ. Самарқанд су қоймасындағы гидротараптың жұмысы тексеріліп, онда санитарлық су жіберу жүргізіліп жатқаны анықталды. Қойманың нақты көлемі – 194,6 млн текше метр. Сонымен қатар, Шерубай-Нұра және Жартас су қоймалары да бақылаудан өтті.

Бүгінде облыста жалпы ахуал тұрақты деп бағалануда. Өзендер мен гидротехникалық нысандар қысқы режимде жұмыс істеп тұр, қар жамылғысында ылғал жинақталу процесі жалғасуда. Өңірде Самарқанд және Ынтымақ су қоймаларында санитарлық су жіберу шаралары жүзеге асырылуда.

Дайындық жұмыстары аясында бірқа-

тар нақты шаралар атқарылды. 25 шақырым қорғаныс дамбалары мен бөгеттері нығайтылып, 28 шақырымнан астам өзен арналары тазартылған. 21 шақырым дренаждық және су бұру жүйелері аршылып, автожолдарды су шайып кетпеуі үшін су ағатын арналар кеңейтілген. Елдімекендер көшелерінен 1 миллион 200 мың текше метр қар шығарылған.

Облыс аумағында барлығы 217 гидротехникалық нысан бар. Су басу қауіпіндегі 139 елдімекенде 19 мыңнан астам тұрғыны бар төрт мыңнан аса үй орналасқан. Сонымен қатар, 130 автомобиль және теміржол учаскесі ерекше бақылауға алынған.

Қазіргі уақытта өңірде «Көктем-2026» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығулары өтуде. Негізгі назар жеке сектордан қар шығару, арықтар мен каналдарды тазартуға аударылған. 1 наурыздан бастап, азаматтық қорғау күштері жоғары дайындық режиміне көшіріледі. Қажет болған жағдайда 3,5 мыңнан астам адам мен мыңнан аса техника бірлігін жұмылдыру жоспарланған. Төтенше жағдайлар департаментінің жоғары өтімді инженерлік және арнайы техникасы алты бағыт бойынша бекітілген.

Жалпы алғанда, өңірде көктемгі тасқын кезеңіне дайындық кешенді түрде жүргізіліп жатыр. Алдағы айларда негізгі сынақ – табиғаттың мінезін байланысты болмақ.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІГАЛЫМ



• 1 НАУРЫЗ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС КҮНІ

Қорғаныс – қоғам тірегі

1 наурыз – Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс күні қоғамға қауіпсіздіктің маңызын тағы бір мәрте еске салады. Дүниежүзілік азаматтық қорғаныс ұйымы бастамасымен бекітілген атаулы дата халықты, аумақты және қоршаған ортаны төтенше жағдайлардан қорғау ісін жетілдіруге үндейді. Ал, өнеркәсіпті өңір үшін экологиялық тәуекелдерді басқару, техногендік қатердің алдын алу және төтенше жағдайға дайындық деңгейін арттыру – күн тәртібіндегі басты міндет. Төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Ерасыл Сайпаш таңдаулы тақырып турасында егжей-тегжейлі тоқталып өтті.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Өлемдегі азаматтық қорғаныс тарихы ХХ ғасырдың бірінші жартысынан бастау алады. Сол кезде түрлі мемлекеттер халықты әскери және техногендік қауіптерден қорғау жүйелерін құра бастады. Атаулы халықаралық ұйым 1972 жылы бекітілген.

Қазақстан Республикасы осы ұйымға 1996 жылы толыққанды мүше болды. Содан бері ұлттық азаматтық қорғау жүйесі дамып келеді, – деп сабақтады сөзін Ерасыл Абай-долдаұлы.

Быыл бұл күн қауіпсіз болашақ жолында экологиялық тәуекелдерді басқару тақырыбы аясында аталып өтпек. Бүгінде азаматтық қорғаныс саласы алдымен ин-

Саяси науқан салғырттықты көтермейді

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров Қарағанды облысына жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында 15 наурызда өтетін республикалық референдумға дайындық барысын тексерді. Іссапар аясында орталық референдум комиссиясының төрағасы Қарағанды қаласындағы №41 және №42 референдум учаскелерінде болып, дайындық деңгейімен танысты.

ЖАҢА
КОНСТИТУЦИЯ

Әсіресе, дауыс беру құпиясын қамтамасыз етуге, сайлаушыларды науқан туралы жан-жақты ақпараттандыруға, дауыс берушілер үшін қолайлы жағдай жасауға және мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқықтарын толық қамтамасыз етуге ерекше назар аударды.

№41 және №42 референдум учаскелері Қарағанды қаласындағы әл-Фараби атындағы мектеп-гимназияда орналасқан. Учаскелік комиссия мүшелері өз жұмыстарын бастап кеткен. Қазіргі уақытта шақыру қағаздары толтырылып, тұрғындарға таратылуда. Барлық учаске мүшелері арнайы оқыту курсынан өткен. Әр учаскелік комиссия құрамында 9 адам бар.

– Ақпараттық көрнекілік алдын ала ілінді. Онда Конституцияның жаңа жобасы екі тілде, бюллетень үлгілері, дауыс беру нысандары, учаскелердің жұмыс кестесі және комиссия құрамы туралы мәліметтер орналастырылған. Қазіргі таңда шақыру қағаздары таратылып жатыр. Мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар қолға алынды, – деді №41 және №42 референдум учаскелерінің төрағасы Қымбат Оспанова.

Аймақ бойынша барлығы 651 референдум комиссиясы жұмыс істейді. Олардың құрамында 4415 адам бар. Облыс бойынша 757 671 сайлаушы тіркелген, оның 5159-ы – мүгедектігі бар азаматтар. Олар үшін дауыс беруге барлық қажетті жағдай жасалмақ.

Сапар барысында Нұрлан Әбдіров екі учаскені толық аралап, дайындық барысымен егжей-тегжейлі танысты. Ақпараттық көрнекіліктің орналасуы, сайлаушыларды қабылдауға арналған жеке кабинет, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған арнайы бұрыш, дауыс беру кабинеттері мен бюллетень жәшіктері мұқият тексерілді.

– Ақпараттық көрнекілік кіреберісте тұруы керек. Сайлаушы алдымен барлық ақпаратпен танысып, содан кейін ғана бюллетень алуға баруы тиіс. Көзі нашар көретін азаматтар үшін үлкейткіш ойнек дайын болуы қажет. Кіріп келе жатқан және шығып бара жатқан адамдар бір-біріне кедергі келтірмеуі тиіс. Әр қабинаға бір адамнан ғана кіріп, дауыс береді. Денсаулығына байланысты учаскеге келе алмайтын азаматтардың үйіне барған кезде дауыс беру тәртібі толық түсіндірілсін. Сайлаушының таңдауы – өз еркінде. Оған ешкім араласпауы тиіс. Барлығы заң аясында өтуі қажет, – деп нақты тапсырмалар берді ОРК төрағасы.

Жиын одан әрі Қарағанды қаласындағы Достық үйінде жалғасын тапты. Мұнда құқық қорғау және мемлекеттік органдар басшыларының, аумақтық және учаскелік референдум комиссиялары мүшелерінің қатысуымен республикалық референдумды ұйымдастыру және өткізуге дайындық мәселелері жан-жақты қаралып, сарапқа салынды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылғы 12 ақпандағы Жарлығымен 15 наурызда республикалық референдум тағайындағаны дүйім жұртқа мәлім. Бұл – елдің саяси-құқықтық өміріндегі маңызды кезең. Референдум тек дауыс беру күнімен шектелетін науқан емес. Нақтылап айтқанда, процесс 12 ақпаннан басталған. Дәл сол күні Орталық комиссия негізгі ұйымдастыру шараларының жоспарын бекітіп, құжаттардың үлгі нысандарын және бюллетень формасын мақұлдады, – деді төраға.

Нұрлан Мәжитұлы референдумды



өткізу барысында екі негізгі құжат басшылыққа алынатынын атап өтті: Қазақстан Республикасының Конституциясы және «Республикалық референдум туралы» конституциялық заң. Заң талаптарына сәйкес: Орталық сайлау комиссиясы – Орталық референдум комиссиясының өкілеттігін, аумақтық сайлау комиссиялары – аумақтық референдум комиссияларының функцияларын, учаскелік сайлау комиссиялары – учаскелік референдум комиссияларының міндеттерін атқарады.

Нұрлан Әбдіровтің мәліметінше, республика бойынша барлығы 10 411 учаскелік комиссия құрылған. Дайындық жұмыстарына 71 мыңнан астам адам тартылған. Оның ішінде 821 адам ғана кәсіби негізде жұмыс істейді, ал, қалғандары – дәрігерлер, мұғалімдер, кәсіпкерлер және басқа да сала өкілдері.

Комиссия мүшелерін даярлау «каскадты әдіс» бойынша жүргізілуде: орталық деңгей өңірлік комиссияларды оқытады, ал, өңірлер өз кезегінде учаскелік комиссия мүшелерін үйретеді.

Сонымен қатар, халықаралық бақылауға ерекше мән берілген. Референдумның ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында 11 халықаралық ұйым мен 30-дан астам мемлекеттің орталық сайлау органдарына шақырту жолданған.

Кеңесте облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей өңірдің референдум өткізуге дайындық барысы туралы баяндады.

– Бүгінгі таңда облыс аумағында республикалық референдумды өткізуге барлық ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық шаралар толық орындалды. Дайындық жұмыстары заң талаптарына сәйкес жүргізілуде. Ең алдымен, сайлаушылар тізімін нақтылау мәселесіне баса назар аударылған. Облыс бойынша 757 671 азамат референдумға қатысу құқығы бар тұлғалар ретінде тізімге енгізіліп, тиісті комиссияларға берілді. Азаматтардың өз деректерін тексеруі үшін бірнеше тетік іске қосылды. Атап айтқанда, тәулік бойы жұмыс істейтін «Сенім 109» байланыс орталығы, облыстың 13 өңірінде орналасқан 15 call-орталық, қала және аудан әкімдіктерінің ресми сайттары арқылы онлайн тексеру мүмкіндігі, – деді ол.

Өңірде барлығы 637 референдум учаскесі жұмыс істейді. 297 дауыс беру кабинеті, 386 ақпараттық көрнекілік, 664 дауыс беру жәшігі орнатылған. Барлық учаскелер компьютерлік техникамен, қажетті жиһазбен және тұрақты интернет байланысымен қамтамасыз етілген. Ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың қатысуына да барынша жағдай жасалған.

Кеңесте Қарағанды облысы проку-

рорының бірінші орынбасары Ержан Бердібеков референдум барысындағы заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

– Біздің негізгі міндетіміз – референдум өткізу кезінде заңдылықтың бұлжытпай орындалуын қамтамасыз ету. Аймақтық референдум комиссиясымен, құқық қорғау органдарымен және жергілікті атқарушы құрылымдармен тұрақты өзара іс-қимыл орнатылған. Қазіргі таңда референдумға қатысты прокуратура органдарына ресми арыз-шағымдар түспеді, – деді Ержан Сәкенұлы өз сөзінде.

Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік шаралары да назарда. Облыстағы 637 учаскені қорғауға 2 550 полиция қызметкері жұмылдырылды.

Кеңесте Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Төлеу Мұхтар ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың дауыс беру құқығын қамтамасыз ету мәселесіне тоқталды.

– Облыстық мүгедектігі бар 54 880 азамат тұрады. Оның ішінде 35 мыңнан астамы дауыс беру кезінде ерекше жағдайды қажет етеді. Өрбіріннің сайлау құқығын толық іске асыру үшін тиісті шаралар қабылданды. Барлық учаскелер пандустармен, тактильді белгілермен және кеңейтілген дауыс беру кабинеттерімен жабдықталған. Дауыс беру күні инва-такси қызметі ұйымдастырылып, сурдоу-дармашылар мен жеке көмекшілер тартылатын болады, – деді басқарма басшысы.

Кеңесте Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қайрат Нұрқенов референдумды ұйымдастырудың ішкі басқару тетіктері мен комиссия мүшелерін даярлау жұмыстарына тоқталды.

– Дайындық жұмыстары бекітілген күнтізбелік жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен жүргізілуде. Өрбір комиссия мүшесінің міндеті нақты айқындалған, жауапкершілік деңгейі күшейтілген, – деді Қайрат Қаршығаұлы.

Жұмыс сапары референдум комиссиялары мүшелеріне арналған семинар-тренингпен аяқталды. Онда қолданыстағы нормативтік-құқықтық база егжей-тегжейлі түсіндіріліп, ұйымдастыру және өткізу рәсімдеріне қатысты барлық сұрақтарға жауап берілді. Тәжірибелік бөлімде кейістік жағдайлар қарастырылып, дауыс беру күні туындауы мүмкін штаттан тыс ахуалдарға әрекет ету алгоритмдері пысықталды.

Жәлел ШАЛҚАР,
Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Ұлттық мүдденің кепілі

2026 жыл Қазақстан тарихына Конституциялық реформа атауымен енгелі тұр. Оның тиімді-тиімсіздігін алдағы уақыт-төре көрсетеді. Оған мына сан мыңжылдық тарихы бар қарға тамырлы қазақтың ұрпағы қуа болары және хақ. Ал, қазіргі біздің қоғамнан, елден уақыттың табандап сұрап отырғаны – басқа. Жанбыр жаумай жатып, су болмау. Жаңалықты жатсынбай, оған үрке қарамай, көлеңкеден шошымай, байыбына барып, бағдар-мен әрекет ету. Әрине, «жау кеткен соң қылышыңды тасқа шап» дейтін кеп те кездеспейді емес, кездесер. Әйтсе де, Конституция Құран сөзі емес. Халық қаласа, өзгеріске, толықтыруға түсіп тұратын құжат.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Осыған дейін 1995 жылғы Ата Заңға қандай өзгерістер мен толықтырулар енгенін бұқара білуі тиіс. Десек те, бүгінгі кезеңде тұрақтылық туы астында сабыр мен саликалықтық дос етіп, ел келешегі үшін шешім қабылдау – міндет. Баланың бесікте беймезгіл жыламауы, ұлдың бес қаруды асынып, суыт жүрмеуі, ақ сүт берген аяның аңырап қалмауы осындай саяси реформаларда қылаң береді. Бір Мәскеудің тұрғынындай халқы ғана бар мемлекеттің тағдыры геосаяси ахуал тұрақсыз бұл күні біреулер үшін бұйым еместігін есте мықтап ұстаған абзал-ды. Жауынгер халық екеніміз, қанымыз қайнап, тасып тұратынына дау жоқ. Алайда, мұндай істе Абай хақим айтқан «ыстық кай-

деп басталатын Ата Заңдағы жолдар ұланғайыр далаға иелік еткен біздің ұлт үшін тұтастықтың қаншалықты мән-маңызы екенін ескертетінін есті адам ойланса керек-ті. Азаматтардың ойы еркін қазір. Сондықтан да, тілі де еркін. Сол себепті, пікір де сан алуан. Дегенмен, Конституцияны жаңарту бір күнде, я бір мезетте ойға келген іс емес. Бұл реформаға мемлекеттің ұзақ дайындық, әзірлік, зерттеп-зерделеу арқылы барғаны мәлім. Оған не үшін барғаны да аз айтылып жатқан жоқ.

БАҚ-тан естіп, көріп келеміз. Осы уақыт аралығында Конституциялық комиссия құрамында 130-дан астам маман жұмыс істеді. 12 ресми отырыс өткізілді. Алғашқы редакция талқылауға ұсынылғаннан кейін бір аптада мыңдаған ұсыныс түсті. Комиссия 10 мыңнан астам аза-

Жеке басыңызға қол сұғылмаса, еңбегіңіз әділ бағаланса, балаңыз білім алса, денсаулығыңыз қорғалса, дауысыңыз естілсе, міне, Конституция сол кезде ғана құнды құжат.

рат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» қажет. Тұрасында, бұқараға бүгінде осы керек.

Сонымен, жаңа Конституция жобасы не дейді? Әуелгі сөзі оның «Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам және оның құқықтары мен бостандықтары». Бұл – мемлекеттің халқына берген ақ адал аянты. «Біз, біртұтас Қазақстан халқы»,

маттық пікірді қарастырды.

Жаңа Конституция жобасы қағидаттарының өзегінде бір ғана шындықты аңғара білу шарт: мемлекет халық үшін. Халық – биліктің бастауы. Бұл – мемлекеттің бағытын анықтайтын нақты ұстаным. Заң мен сот алдында бәрінің теңдігі әділетті қоғамның келбеті болса керек. Ешкімнің теңіне, ұлтына, әлеу-

Негізі, мемлекет үшін ең қауіпті сәт соғыс та емес, дағдарыс та емес. Ең қауіптісі – билік бос қалған сәт. Тарих көрсеткендей, билік вакуумы тұрақсыздыққа, қақтығысқа, күйреуге бастайды.

меттік жағдайына қарап кемсітпейді өркениетке бет алған ел өлшем ретінде ұстанады. Өмір сүру құқығының ажырамас құқық ретінде танылуы да бұл мемлекеттің ең басты гуманистік қадамы екені мәлім. Өлім жазасына тыйым салса, қатыгездіктен саналы түрде бас тартса, мемлекеттің күш арқылы емес, әділет арқылы өмір сүргісі келетінінің белгісі емей немене?

Сөз еркіндігіне кепілдік те қоғамның үнсіз емес екенін білдіреді. Халықтың ойын айтуға құқығы барлығын көрсетеді. Себебі, үнсіз қоғам әлсіз, әлжуазға айналады. Ойы еркін қоғам ғана тірі.

Әсілінде, Конституцияны «заңдардың атасы» деп әспеттейміз. Дегенмен, оның шынайы құндылығы адамның күнделікті өмірінде көрініс табуы екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Жеке басыңызға қол сұғылмаса, еңбегіңіз әділ бағаланса, балаңыз білім алса, денсаулығыңыз қорғалса, дауысыңыз естілсе, міне, Конституция сол кезде ғана құнды құжат. Сондықтан да, Ата Заң жобасында Қазақстан азаматтарының негізгі әлеуметтік-саяси құқықтары мен міндеттері айқын жазылған.

Мемлекеттің ең жоғарғы басқару институты Президентке қатысты тәртіпті бекітіп отыр. Бұл баптарды бір-бірінен бөлек қарау мүмкін емес. Құқық кепілдікпен, билік жауапкершілікпен ғана мәнді. Меншік құқығы да көрініс тапты. Азаматтың заңды мүлкіне жеке меншік иесі, меншік пен мұрагерлікке Конституция кепіл. Ең маңызды тұсы – «сот шешімінсіз ешкімді мүлкінен айыруға болмайды» деген қағида. Бұл қағида азаматтың ертеңіне деген сенімін бекемдей



Композит. Жасаған Айдар Рахымжан

түсуі тиіс. Кәсіпкерлік еркіндігі туралы тармақ экономиканың тынысын ашуы керек. «Монополия реттеледі немесе шектеледі, жосықсыз бәсекеге тыйым салынады» деп атап көрсетілуі нарықта әділдіктің салтанат құруына конституциялық ескерту екені анық. Өйткені, әділет тек сотта емес, саудада да, нарықта да керек.

Отбасы, әлеуметтік мемлекет қағидасы, халықтың дауысы, Президент билігінің тәртібі, Құрылтай, Үкімет, Конституциялық сот, сот жүйесі, жергілікті басқару ежіктелген Конституция жобасын сарапшылар уақыт талап еткен құжат деп бағалайды. Ондағы әр бап мемлекет пен оның құндылығы – халық үшін зор мән иеленуі тиіс. Бүгін басқаша көрінген қағидаттар та емес. Ең қауіптісі – билік бос қалған сәт. Тарих көрсеткендей, билік вакуумы тұрақсыздыққа, қақтығысқа, күйреуге бастайды.

Негізі, мемлекет үшін ең қауіпті сәт соғыс та емес, дағдарыс та емес. Ең қауіптісі – билік бос қалған сәт. Тарих көрсеткендей, билік вакуумы тұрақсыздыққа, қақтығысқа, күйреуге бастайды.

Мемлекет бір адамның төңірегінде емес, институттардың жүйесі арқылы өмір сүретінін көрсетеді. Ең маңызды өкілеттікті уақытша қабылдаған тұлға Конституцияны өзгертіп, Құрылтайды тарата алмайды. Саяси тұрақтылықтың ең басты кепілі осында. Өтпелі кезеңде ешкім «жаңа ереже» жазып, билік балансын өз пайдасына шешуге рұқсат жоқ.

Осы орайда нағыз мықты мемлекет билік қалай басталатынын ғана емес, билік қалай ауысатынын да нақтылайды. Қазақстан Конституциясындағы нормалар дәл осы ең қауіпті сценарийдің алдын алуды көздесе керек.

Егер Президент қандай да бір себеппен қызметінен кетсе, Конституция нақты алгоритм береді. Бірінші кезекте – Вице-Президент. Ол мүмкін болмаса, Құрылтай Төрағасы. Оған соң – Премьер-Министр. Бұл – қауіпсіздік архитектурасы. Яғни, мемлекет бір адамның төңірегінде емес, институттардың жүйесі арқылы өмір сүретінін көрсетеді. Ең маңызды өкілеттікті уақытша қабылдаған тұлға Конституция-

ны өзгертіп, Құрылтайды тарата алмайды. Саяси тұрақтылықтың ең басты кепілі осында. Өтпелі кезеңде ешкім «жаңа ереже» жазып, билік балансын өз пайдасына шешуге рұқсат жоқ.

Тереңірек үңілсек, ақиқатында, Конституция шексіз билікті шектеудегі басты құжат екен. Ол шексіз биліктің бишігін ұстататын құжат емес әсте. Әр билік тармағына оның шекарасын айқындап, шектеу қояды. Сол шекараларды шегендейтін де Ата Заң. Тар шеңберде емес, кең шеңберде ойлайтын кезеңге өту үшін де мұндай өзгерістер қажеттігін уақыттың өзі де, кәрі тарих та көрсеткен, көрсетіп те келеді.

• ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕРЕЖЕСІ

Болашаққа берік негіз

Конституциялық комиссия Қазақстанның жаңа Конституциясының жобасын әзірлегені баршаға мәлім. Маңызды құжаттың мәтіні түгелдей Конституциялық Соттың ресми сайтында жалпақ жұртқа жарияланды. Аталған Ата Заң жобасында Конституциялық реформа жөніндегі комиссия мүшелерінің пікірлері негізге алынды. Конституциялық комиссияға жаңа Ата Заңның жобасы бойынша 10 мыңнан астам өтініш түсті. Бұл туралы комиссияның XII отырысында Конституциялық сот төрағасы Эльвира Әзімова айтты.

Комиссия мүшелерінің, азаматтардың, қоғам өкілдерінің, сарапшылар қауымдастығының, бизнес құрылымдарының және өзге де мүдделі тараптардың ұсыныстары, келіп түскен пікірлер жүйеленіп, тақырыптық бағыттар бойынша топтастырылды. Ал, адам құқықтары мен бостандықтары – мемлекеттің басты құндылығы. Жарияланған жаңа Конституция жобасының преамбуласында осы қағида мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде айқын аңғарылады.

Құрамына 130 адам кірген комиссия белсенді азаматтар мен сарапшылардан келіп түскен 10 мыңнан астам ұсынысты терең талдап, зерделеп, Ата Заңның жаңа жобасына бүгінге дейін қосымша нормалар бекітті. 12 отырыс, одан бөлек секциялық топтардың, БАҚ өкілдері, заңгерлер мен лингвистер, филологтар мен саясаттанушылардың сүзгісінен өткен маңызды құжатты референдумға шығару ұсынылды. Конституцияның жаңа жобасы 11 бөлім, 95 баптан тұрады. Мәтінінің 84 пайызы жаңарған. Құжат тұңғыш рет мемлекеттік тілде қайта жазылды.

«1-бап. Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.»

Ұтқыр ұстаным маңызды құжаттың мазмұнынан тайға таңба басқандай анық көрініп тұр. Өйткені, ұлы даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығы – жаңа Ата Заң жобасы кемел келешектің берік негізі іспеттес. Ата Заңымыздың жаңа мәтінінің басты идеясы ретінде білім мен ғылым, мәдениет пен инновация анықталды.

«3-бап. 1) Қазақстан Республи-

касы қызметінің негіз құраушы қағидаттары: Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау; адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау; заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету; жалпыұлттық бірлікті бекемдеу; халықтың әл-ауқатын арттыру; жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясын орнықтыру; қоғамдық диалогты дамыту; еңбексүйгіштік, прогресс, білім құндылықтарын бекіту; жоғары экологиялық мәдениет қалыптастыру; тарихи-мәдени мұраны сақтау; төл мәдениетті қолдау.

2) Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп таниды.»

Бұл – мемлекеттің болашағы минаралды ресурстар мен табиғи байлықтармен емес, адами капиталмен және азаматтардың жетістіктерімен анықталатынын көрсететін түбегейлі маңызды бетбұрыс. Егемен еліміздің өркендеуіне серпіліс беретін басты басымдықтар.

Тағы бір маңызды мағыналық бағыт – цифрландыру. Осыған байланысты, Конституцияның жаңа мәтінінде алғаш рет азаматтардың құқықтарын цифрлық ортада қорғау туралы норма бекітілді. Сонымен қатар, стратегиялық құжатта еліміздің өткенін насихаттап, бүгінгі мен болашағына бағамдайтын болатын құндылықтар да ескеп жазылған. Жаңа Ата Заң жобасы – ел дамуының келесі эволюциялық кезеңіне серпіліс береді.

4-бапта «мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендік иесі – Қазақстан халқы», деп жіліктеп жазылған. Жаңа жалпыұлттық диалог платформасы – Қазақстанның Халық Кеңесі құрылады. Ол Қазақстан халқы



Сурет: ЖИИ

Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың стратегиялық функцияларын жалғастырады. Бұл Қазақстан халқының мүдделерін білдіретін, заң шығару бастамасы құқығына ие жоғарғы консультативтік орган болады.

Бір палаталы Парламент моделіне арналған нормалар төртінші «Құрылтай» деген бөлімде көрсетілген. Құжатта кеңейтілген өкілеттіктерге ие бір палаталы жаңа Парламент – Құрылтай құру көзделіп отыр.

«53-бап. 1) Құрылтай конституциялық заңда белгіленген тәртіппен біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорциялы өкілдік жүйесі негізінде сайланатын бір жүз қырық бес депутаттан тұрады. 2) Құрылтай депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл.»

Жаңа Ата Заң жобасындағы тағы бір жаңашылдық Вице-Президент институтына қатысты. Ол ҚР Президентінің атынан Қазақстан мен шетелдердің қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағартушылық ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады.

Түптеп келгенде, Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан дамуың даңғыл жолына қаршыты қарқынмен қадам басқаны, сөзсіз деп нық сеніммен ай-

тып отыр сарапшылар. Бастысы, жаңа преамбула бүгінгі бейбіт заманның бейнесін, қоғамның ортақ мүддесі мен ұл мұратын, ұлтымның болмыс бітімін айқын айқайтайды. Сонымен қатар, Әділеттілік, Заң мен Тәртіп қағидаттары алғаш рет Ата Заң деңгейінде бекітілді.

Қара орман халықтың үні мен қоғам белсенділерінің де пікірі назардан тыс қалған жоқ. Жаңа Конституция бойынша нақты шешімді еліміздің азаматтары жалпыұлттық референдумда қабылдайды. Айталық, егемен ел тарихында 15 наурыз – 2026 жыл ең маңызды күн. Себебі, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жалпыхалықтық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Онда «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылады. Жаңа Ата Заң жобасы бүкілхалықтық дауыс беруге ұсынылады. Санаулы күннен кейін әрбір Қазақстан азаматы өз таңдауын жасап, дауыс береді. Өйткені, бұл – тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағы үшін маңызды қадам.

Жанбота ЕЛУБАЕВ,
«Saryaqqa» телеарнасының редакторы

• КӨЗҚАРАС

Қоршаған ортаның қорғаны

Жаңа Конституция жобасында тиісінше табиғатты сақтау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және жасыл болашаққа бағытталған жауапкершілік – мемлекетіміздің ең маңызды қағидатының бірі ретінде айқын жазылды. Өздеріңіз білетіндей, бұл Конституция жобасында адам құқықтары мен бостандықтары, әлеуметтік әділеттілік, экономикалық және саяси даму ғана емес, сонымен бірге, табиғатты қорғау міндеттері де стратегиялық басымдық ретінде көрсетілді.

Экологиялық қауіпсіздік – біздің ортақ болашағымыздың кепілі. Жаңа Конституция жобасында азаматтардың табиғатты сақтауға және қоршаған ортаға жауапты қарауға міндетті екені нақтыланады; жауапты органдар мен тұлғалар нақты экологиялық қауіптерді жасыру үшін заң алдында жауап беретіні жазылды.

Жоғары деңгейлі экологиялық мәдениетті қалыптастыру мемлекет тарапынан насихатталатын негізгі принцип ретінде бекітілді. Бұл – қоғам үшін маңызды қадам. Себебі, экология – бұл тек табиғатты қорғау ғана емес, адам денсаулығы, қауіпсіздік пен болашақ ұрпаққа таза қоршаған орта қалдыру. Қазақстанның әр өңірінде, әр қала мен ауылда бұл идеяны шынайы іске асыру – ортақ парыз.

Президент бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» акциясы миллиондаған адамды біріктірді. Бұл құбылыс қоғамның экологиялық жауапкершілігін күшейтіп, табиғатты сақтау идеясын күнделікті өмірге енгізуде үлкен рөл атқарды.

Біз енді Конституция деңгейінде табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануымыз, экологиялық зиянды азайтуымыз, табиғатты қалпына келтіру бойынша шаралар жүргізуді заң жүзінде міндеттеу сияқты принциптерді бекітеміз. Осы арқылы біз табиғатты сақтау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеміз.

Асылжан ТӨЛЕГЕНОВ,
«Kazakhmys holding» ЖШС компаниясының экология мәселелері жөніндегі департаментінің бас маманы, «TALDAU мектебі Қарағанды» аналитика мектебінің түлегі

• ПЕЙІЛ

Татулық пен ортақ тағдыр символы

1 наурызда – елімізде көктемнің ең алғашқы күнімен тұспа-тұс келетін рухани маңызы зор мереке Алғыс айту күні атап өтіледі. Бұл күн – барша қазақстандықтардың береке-бірлігі, өзара құрмет пен татулық, сондай-ақ, ел тағдырына ортақ жауапкершіліктің айшықты символы. Бұл мереке – қазақстандықтар бір-біріне деген ризашылығын білдіретін, ортақ тарихи тағдырды құрметтейтін күн ретінде қалыптасты. Елімізде 130-дан астам этнос пен 18 түрлі конфессия өкілі бейбіт әрі үйлесімді түрде бірге өмір сүріп, өз мәдениетін сақтауға мүмкіндік алып, өніп-өсуде. Бұл – жалпыұлттық татулықтың айқын көрінісі.



Өткен ғасырда Қазақстанға түрлі этностар қоныс аударған кезеңде қазақ елі шекарасын кең пейілмен ашып, оларды құшақ жая қарсы алды. Түрлі этнос өкілдері осында қалып, еңбек етіп, өніп-өсті. Олар бүгін Қазақстанды өздерінің Отаны деп санайды. Сондықтан, Алғыс айту күні өзара қолдаудың, мейірімділіктің және адамгершіліктің мерекесі ретінде де қабылданады.

Қазыналы Қарағанды облысы – тарихи тұрғыдан бірегей ынтымақтастық, өзара қолдау және бірлескен еңбек кеңістігі қалыптасқан еліміздегі ең көпзатты өңірдің бірі. Мұнда түрлі этнос өкілдері өңірдің индустриялық әлеуетін бірге игеріп, ғылым мен мәдениетті, білім беруді дамытып, тәуелсіз Қазақстанның берік экономикалық негізін қалады. Ортақ тарих, ортақ еңбек және ортақ жауапкершілік – жалпыұлттық бірліктің мызғымас іргетасына айналды.

Бүгінде еліміз жаңғырудың маңызды кезеңін бастан өткеруде. Саяси жүйені жаңғыртуға, құқықтық мемлекетті нығайтуға, экономиканы дамытуға, кәсіпкерлікті, ғылым

мен білімді қолдауға бағытталған ауқымды реформалар әрбір азаматтың белсенді қатысуын талап етеді. Осы тұрғыда Алғыс айту күні ерекше мәнге ие. Ол – елдегі өзгерістерге бастайтын бағдарламаларды іске асыруға, тұрақтылықты нығайтуға және мемлекетті дамытуға елеулі үлес қосқан барша қазақстандықтарға деген ризашылықтың көрінісі.

Біз жұмысшы мамандық иелеріне, кәсіпкерлерге, ғалымдар мен педагогтарға, дәрігерлер мен мәдениет қызметкерлеріне күнделікті еңбегі арқылы азаматтық патриотизм, кәсібилік, еңбекқорлық пен жауапкершілік қағидаттарын жүзеге асырып жүрген барша жандарға алғыс айтамыз. Дәл осы қасиеттер елдің алға қарай нық қадам басуына тірек болуда.

Шуақты көктеммен бірге келетін Алғыс айту күні – жаңару мен жаңғырудың, жана бастамалардың бастауы. Бүгінгі таңда қоғам санасын жаңғыртуға, әділеттілікті нығайтуға және жауапкершілік мәдениетін дамытуға бағытталған жүйелі саясат жүргізіліп жатқан кезеңде бұл символизмнің маңызы айрықша. Көк-

тем – ояну мен өсіп-өркендеудің, жақсылыққа ұмтылудың белгісі. Бұл – қуатты, әділетті әрі тұрақты мемлекет құруға бағытталған заманауи реформалардың мазмұнымен үндес құндылық.

Қоғам өмірінде жасампаз моральдық-адамгершілік бағдарларды қалыптастыру айрықша мәнге ие болуда. «Таза Қазақстан» акциясы – экология мен қоршаған ортаның тазалығына қамқорлықпен қатар, ой тазалығына, адалдыққа, ар-ұжданға және заңды сақтауға құрметтеуге деген талпыныс. Бұл – елімізге, оның ресурстарына, тарихи мен дәстүріне жанашырлықпен қарау мәдениеті. Осындай құндылықтар нық сенім мен орнықты дамуының берік негізін қалайды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы және Қарағанды облысының этномәдени бірлестіктері қоғамдық келісімді нығайтуға, волонтерлік қозғалысты дамытуға, қайырымдылық жобаларды қолдауға, жастарды білімге құштарлық, гуманизм және азаматтық жауапкершілік рухында тәрбиелеуге бағытталған бастамаларды белсенді

жүзеге асырып келеді. Біз ризашылық сезімін білдіре отырып, қоғам игілігі үшін еңбек етуге және оң өзгерістерді қолдауға дайын белсенді өмірлік ұстаным деп түсінеміз.

Жас ұрпақтың сапалы білім мен жүйелі тәрбие алып, бәсекеге қабілетті болып өсуіне ерекше көңіл бөлінуде. Жалынды жастар да Қазақстанның болашағын қалыптастырудағы өздерінің міндетін терең сезініп, реформалардың нәтижелері мен ел дамуына жеке жауапкершілігін ұғынуы маңызды.

Алғыс айту күні жалпыұлттық тең мүмкіндіктерге, өзара құрметке және ортақ мақсатқа тәуелсіз, қуатты әрі әділетті Қазақстанды нығайтуға негізделетінін айшықтайды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының Қарағанды облысындағы этномәдени бірлестігінің жетекшісі ретінде ел тағдырына бейжай қарамай, татулық пен тұрақтылықтың, ашықтық пен ынтымақтастық мәдениетін қалыптастыру аса маңызды деп есептеймін.

Ел көлеміндегі ауқымды реформаларды жүзеге асыруға атсалысып, экономиканы нығайтып, әлеуметтік саланы дамытып, қоғамдық тұрақтылықты сақтауға үлес қосып жүрген барлық қарағандылықтарға шынайы алғыс білдіреміз. Бүгінде бірлескен күш-жігердің арқасында әділеттілікке, кәсібилікке және жасампаздыққа негізделген қоғамдық өмірдің жаңа сапасы қалыптасуда.

Алғыс айту күні еліміздің болашағы үшін ортақ жауапкершілігіміздің символына айналуда. Бұл өз кезегінде Қазақстан халқының күш-қуатына деген сенімді нығайтып, жаңа жетістіктерге шабыттандырып және бірлік, еңбек пен өзара құрметтің одан әрі дамып, өркендеуіміздің берік негізі екенін тағы бір мәрте дәлелдейді.

Көктем әр шаңыраққа жаңару, сенім және жана мүмкіндіктер әкелсін. Жалпыұлттық бірлік пен жасампаздық рухы ортақ Отанымыз – Қазақстан Республикасының орнықты әрі өркендеген болашағының кепілі болғай!

Виталий ХМЕЛЕВСКИЙ,
Қазақстан полиятары
олағының төрағасы
Сурет Қарағанды облысы ҚХА баспасөз қызметінен

• ІЗГІЛІК

Алғыс арқалаған сынықшы

Күні бүгінге дейін 5 мыңға жуық ота жасаған білікті травматолог дәрігер Ербол Шыршықбай – алғыс алған абзал жан. Гипократ анттына адалдық танытып жүрген оған үлкендердің ақ батасын, кішілердің ризашылығын алу күнделікті дағды.

Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ербол Нұрғалиұлының дәрігер атануына о баста асыл әжесі әсер етіпті. Әжесі Рысқұл пойызбен келе жатып, Қарағанды медицина университетінде дәрігер мамандығын оқып жатқан студентпен сапарлас болады. Жас жігіттің үлкенге деген құрметі мен тәлім-тәрбиесіне іштей риза болып, өмірге келген немересінің құрметіне Ербол деп атын қойып, дәрігер болып, елдің алғысында жүретін ер-азамат болсын деп ырымдапты. Сол әзіз ананың ақ батасы мен ниеті қабыл болып, немересі де Қарағандыдағы медицина университетінде оқып, шыңдалады.

Жас кезінде Ербол әскери салаға әуес болыпты. Әжесі Нұрғали мен анасы Алтынғүл медицина саласын таңдауға бағыт беріпті. Әжесі үнемі Қарағанды қаласында табысты еңбек етіп жүрген ауылының мақтанышы Жәнібек есімді дәрігерді үлгі қылыпты. «Жәнібектей болсаң, біздің арманымыз орындалғаны», деген әке аманатын орындайды. Бір қызығы, сол үлгі тұтқан дәрігерінің Х.Мақажанов атындағы аурухананың шұғыл жарақат бөлімшесінде травматолог болып еңбек еткенін кейін біліп, тағдыр сәйкестігіне таңырқапты.

Онғүстік өңірден Арқаға аманат арқалап келген ол 2010 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина университетіне «Жалпы медицина» мамандығы бойынша оқуға түсіп, одан соң «Жалпы хирургия» мамандығы бойынша интернатураға қабылданады. Кәсіби білімін тереңдетіп, травматология және ортопедия (ересектер және балалар) мамандығы бойынша резидентураға түсіп, оны да сәтті тәмамдайды.

Жалындап тұрған жас жігіттің еңбек жолы студент кезінде басталады. Х.Мақажанов атындағы травматология және ортопедия орталығының шұғыл жарақат бөлімшесінде тәжірибе жинақтауға барған ол алдымен санитар, кейін мейіргер ретінде екі жыл жұмыс істейді.

Резидентурада оқып жүрген кезінде, Теміртау қаласындағы Орталық аурухананың травматология бөлімінде травматолог дәрігер болып еңбек етеді. 2020 жылдан бастап Х.Мақажанов атындағы көпбейінді ауруханада қызмет атқарып келеді. Осы жылдар ішінде жедел травматологиялық пунктте, жедел қабылдау бөлімінде, ересектер ортопедиясында, бұйындар артроскопиясы, балалар жарاقاتты, комбустиология және іріңді травматология бөлімшелерінде жұмыс істеп, біліктілігін арттырады. Соңғы үш жылда шұғыл жарақат бөлімшесінде еңбек етіп жүр.

Кәсіби даму жолында шетелдік тәжірибені менгеруге де ерекше мән береді. 2020 жылы Түркия Республикасының Бурса қаласында «Ірі бұйындар артроскопиясы» бойынша, 2023 жылы Ресей Федерациясының



Татарстан Республикасы, Қазан қаласында тізе және иық бұйындарының артроскопиясы бойынша біліктілігін арттырады.

Расында, білікті маман, тәжірибелі травматолог, ардақты азаматқа алғыс алу үйреншікті үрдіс. Мәселен, 86 жастағы Дамила Мұхажанова есімді әже отасы сәтті өткен соң, қолын жайып, ақ батасын жаудырыпты. Ақпанда жауған ақ жауын мұз болып қатып, соның салдарынан жарақат алғандар көп болды. Дамила әжей де ауласында тайып құлап, сол жақ сан сүйегін ауыр жарақаттап алады.

– Операция жоғары кәсіби деңгейде өтіп, қазіргі таңда жағдайым жақсарып, біртіндеп аяққа тұрып келемін. Ең алдымен Ербол есімді дәрігердің біліктілігі, адамгершілігі маған үлкен демеу болды. Осындай күрделі сәтті кәсіби көмек көрсетіп, аяғымнан тік тұруыма себепкер болған травматолог дәрігерге аналық ақ батамды жаудырдым. Үлкен адамға бұл оңай жағдай емес. Елгезек Ербол баламның еңбегі жансын, – дейді Дамила әжей.

Өткен аптада Оралсын Жалназарұлы есімді жас жігіт те мұздан тайып құлап, оң тізесін жарақаттап алады. Содан ауырсынып, жарақат алған тұсы ісініп, ауруханаға түседі.

«Тексеру нәтижесінде шұғыл түрде операция қажет екені айтылды. Дәрігерлердің кәсіби түсіндіруі мен қолдауы маған сенім берді.

Операция жеңіл өтті. Қазіргі таңда оң жақ тізем оңалып келеді. Осы орайда қолы алтын дәрігер Ербол мырзаға ризашылығымды жеткізіп келеді», – дейді Оралсын Жалназарұлы.

Ал, білікті травматолог үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді, бата алуды бала кезден үйреткен әке-анасына ризашылығын жеткізеді.

Осылайша, отбасында асыл жар, ардақты әке Ербол Нұрғалиұлының елдің алғыс-батасымен өмірі бақытқа кенеліп келеді.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• ЖӘДІГЕР

Тағылымы терең тағзым

Алғыс айту күні – тарихи жадымызды жаңғыртып, адамдық пен кеңдіктің қадірін ұғындыратын ерекше мейрам. XX ғасырдың зұлмат жылдарында Қазақстанға жер аударылған жүздеген мың адамның тағдыры қазақ халқының дархан мінезімен, кең пейілімен тығыз байланыста еді. Сол талайлы тағдыр нелерінің бірі – Қазақстандағы тұңғыш кәріс мүсіншісі, қарағандылық суретші Алексей Цой.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

1937 жылғы депортация кезінде отбасы Орталық Қазақстанға қоныс аударған Алексейдің балалық шағы жоқшылықпен, ауыр еңбекпен өткен. Балқаш пен Ақшатау кеніштерінде, кейін Қарағанды шахталарында жұмыс істей жүріп, ол қарапайым еңбек адамының шынайы болмысын терең таныды. Кейін осы тәжірибе оның бүкіл шығармашылығының философиялық өзегіне айналды.

Өмірінің соңында суретші өзінің үш бірдей мүсіндік туындысын облыстық бейнелеу өнері музейінің қорына қазақ халқына деген алғыс ретінде табыстап кетті. Бұл қадам арқылы қалыпты жағдайдағы сыйлық жасаудан гөрі, тарихи әділет пен адами ризашылықтың көркем ишарасын анық аңғарамыз.

Музей қорында сақталған үш жұмыс – Цой шығармашылығының үш қыры ғана емес, оның өмірлік көзқарасының көркем манифесі.

Атап айтсақ, «Сықымбаевтың портреті» (1987) туындысы – тас барельеф, полинит материалдан жасалған шахтер Бекбосын Сықымбаевтың портреті. Кейіпкердің бет-

әлпетіндегі терең текстура, әжімдердің айқындығы, қас пен ерін сызықтарының нақтылығы – мүсіншінің пластикалық тілінің айқын көрінісі.

Көздері жұмулы, аузы сәл ашық кейіпкердің бейнесі сырт көзге тыныштықты білдірсе де, ішкі ширығу мен өмір салмағын сездіреді. Бұл – физикалық еңбектен қажыған емес, керісінше рухани беріктікке жеткен жанның кейпі.

Портрет мәніне үңілсек, шығарма жеке адамның бейнесі арқылы тұтас бір әлеуметтік қабаттың символына айналған. Мұнда идеологиядан гөрі адамдық болмыс басым. Цой шахтерді батыр етіп көрсетпейді, керісінше, оның қарапайымдылығын, ішкі жинақылығын алға шығарады. Бұл туындыны мүсінші 1987 жылы музейге сыйлаған.

Ағаштан ойылып жасалған «Аспирант Маргаританың портреті» (1976) мүсіні – Цой шығармашылығындағы «лирикалық сызықтың» жарқын үлгісі.

Мұнда жас қыздың бейнесі жеңілдетілген пластикамен берілген. Жоғарыға бағытталған көзқарас – болашаққа сенімнің ишарасы болса, қолындағы кітап – білім мен руханияттың белгісі. Ұзын шаштын



жұмсақ сызықтары мен ағаш құрылымының табиғилығы композицияға жылылық сыйлап тұр.

Бұл шығармада нәзіктік, тазалық, үміт басым. Өмірдің қатал-

дығын көрген суретшінің жан дүниесіндегі жарық сәуле туындыда айқын сезіледі.

1990 жылы суретші шеберханасынан музей қорына қабылданған

мүсін – Цойдың өнеріндегі адамгершілік пен сұлулыққа деген сенімнің дәлелі.

Ал, үш кеншінің орындықта отырған «Жас ауысым» композициясы – тақырыптық әрі мазмұндық жағынан терең шығарма. Фигуралар бір-біріне жақын орналасқан, бірақ, әрқайсысының психологиялық күйі жеке-дара.

Ұстамды қалыптар, жұмыс киімдерінің нақтылығы, артық деталізациядан бас тарту – мүсіншінің кәсіби шеберлігін көрсетеді. Бұл композицияда драматизм болмаса да, ішкі үнсіз диалог бар.

Танымыз тұрғыдан «Жас ауысым» – өндірістік көрініспен қоса, ұрпақ сабақтастығының символы. Аға буын мен жас буын арасындағы көзге көрінбейтін байланыс, кәсіби этика, жауапкершіліктің бәрі пластикалық форма арқылы берілген. Бұл туындыны суретші 2003 жылы сыйлаған.

Цойдың бұл үш жұмысты қазақ халқына Алғыс ретінде мұражайға табыстауын әлеуметтік-тарихи құбылыс деуге болатындай.

Өйткені, қазақ халқы XX ғасырдың ауыр кезеңінде жер аударылған этностарды бауырына басты. Сол кеңдік бүгінгі этносаралық тұрақтылықтың негізін қалап отыр. Еліміздегі көпзатты қоғамның татулығы – тарихи тәжірибеден туған құндылық.

– Алексей Цойдың музей қорындағы үш мүсіні – тарихи жадымыздың бір бөлігі. Бұл жұмыстар – қазақ халқының кеңпейілдігіне берілген көр-

кем жауап. Суретшінің Алғыс тас пен ағашқа қашалып, мәңгілікке қалды. Мұндай мысалдар еліміздегі этносаралық келісімнің тамыры тереңде жатқанын аңғартады, – дейді облыстық бейнелеу өнері музейі басшысының орынбасары Мейрамгүл Елубаева.

Мұражай қорындағы бұл туындылар көп жылдар бойы кеншілер астанасының тұрғындарына рухани ләззат сыйлап келеді. Мәселен, Қарағанды қаласының тұрғыны Қазыбек Рашид музейге жиі келіп, мұндағы жәдігерлермен танысып, танымын тереңдетіп жүргенін айтады.

– Алексей Цойдың туындылары ерекше әсер етеді. Әсіресе, шахтерлер бейнеленген мүсіндері – өте шынайы. Бұл жұмыстардан адал еңбекке деген шексіз құрметті, адамның адамға деген шынайы сенімін көреміз. Қазақ халқына деген Алғысын өнер арқылы жеткізуі оның сұңғылалығын, адамгершілік биік танымын аңғартса керек, – дейді ол.

Бұл мүсіндер Алғыс айту күні қарсаңында бізді тарих қойнауына жетелеп, адамзаттық биік мұраттарға бастайды. Яғни, өмірде көрген қиындық пен кең құшағымен қарсы алған елге деген ризашылық ең асыл өнерге айнала алады деген сөз. Алексей Цойдың музей қорындағы үш жұмысы – қазақ халқының дархандығына қойылған үнсіз ескерткіш, этносаралық татулықтың көркем символы және болашақ ұрпаққа қалдырылған рухани аманат.

Суреттер облыстық бейнелеу өнері музейінің мұрағатынан

• ӨЗЕКТІ

ҰБТ: мүмкіндік, әлде қысым ба?

Қазіргі бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын кезеңде Ұлттық бірыңғай тестілеу – түлек үшін білім бәйгесінің басы. Дәл осы сынақ көптеген жасөспірім үшін болашақ мамандығы мен өмір жолын айқындайды. Әсіресе, 11-сынып оқушылары үшін бұл – зор жауапкершілік пен психологиялық қысымға толы уақыт. Соңғы жылдары ҰБТ форматы өзгеріп, жылына бірнеше рет тапсыру мүмкіндігі берілгенімен, оның маңыздылығы азайған жоқ. Керісінше, бәсекелестік артқан сайын оқушылардың алаңы күшейе түседі.

Неге оқу орталықтарына жүгіну көп?

Енді басты мәселе – мектеп оқушыларының Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындығы. Мектептегі дайындық сапасы әртүрлі деңгейде жүзеге асырылады. Кейбір мектептерде арнайы дайындық сабақтары, сынақ тесттері, қосымша кеңестер ұйымдастырылады. Бірақ, барша білім беру ұйымдарында жағдай бірдей емес.

Сол үшін де оқушылар негізгі көмекті сырттан іздеуге мәжбүр. Себебі, курстарда нақты ҰБТ форматына бейімделген тапсырмалар, тест шешу техникасы, уақытты басқару әдістері үйретіледі. Сонымен қатар, оқушы өзін бәсекелестік ортада сезініп, мотивация алады. Бірақ, «Неге оқушылар міндетті түрде ақылы курс сатып алуы тиіс?» деген сұрақ орынды. Егер мектеп бағдарламасы мен қолдауы жеткілікті деңгейде болса, қосымша курстар міндетті қажеттілікке айналмас еді. Өкінішке қарай, кей ата-ана баласының болашағы үшін бар қаржысын курсқа жұмсауға мәжбүр.

Дала мен қалада мүмкіндік бірдей ме?

Еліміздің кез келген жеріндегі оқушыларға бірдей жағдай жасалу үшін әр мектепте жасалатын қосымша көмекті ұйымдастыру қажет, әрі ол бір деңгейде болуы тиіс. Ауыл балалары үшін – әлсіз, қала балалары үшін мықты дайындық – әділетсіз. Ұлттық бірыңғай тестілеуді әр оқушы тапсыруға құқылы болғандықтан дайындалу мүмкіндіктері соған сай тең болуы тиіс.


Сонымен, екінші мәселе туындайды: ауыл балалары немесе қаржы жағынан қиналатын отбасылардың балалары қазіргі бәсекелестік заманында тегін оқуға қалай түсе алады? Сыни тұрғыдан қарайтын болсақ, бұл күрделілеу. Оқушы ҰБТ-ға ақылы курстарсыз дайындала алмайды.

Біріншіден, ол ҰБТ құрылымын, қарапайым сұрақтар санымен берілетін балды, дайындалу жүйесін білмейді. Ал, мектеп мұғалімдері бұл сұрақтарға толыққанды жауап бере алмайды. Кейде мұғалімдердің өзі ҰБТ туралы оқушылардан сұрап отырады. Екіншіден, қарапайым оқушы біреудің бақылауынсыз, дайын материалсыз өз бетімен оқу қиына соғады. Әрине, мақсаты бар адам сылтау емес, амал табады. Бірақ, 10 жыл дайындалмаған оқушы өз бетінше 1 жыл ішінде толық 5 пәннен дайындалуы өкітәлі. Бұл мектеп жүйесінің ҰБТ-ға дайындық тақырыбында дамымағанын көрсетеді.

Бала қолдауға зәру

Дайындықтан бөлек, оқушыға ең қажеті – қолдау. Оқушы болашақта айналысатын ісін 16-17 жасында шешуі қажет. Бұл жерде оқушыға ата-ананың тарапынан қысым болуы мүмкін. Кейде ата-аналар балаларының болашағын шешіп қояды. Бұл әлі де мектеп қабырғасында білім алып жүрген оқушының психологиялық денсаулығына әсер береді.

Әрбір бала – өз ойы мен таңдауы бар жеке тұлға. Болашақта кім болатынын білетіндер де, білмейтіндер де жеткілікті. Бұл тақырыпқа келгенде отбасынан



Сурет ЖИ

қысым емес, қолдау керек. Сонда ғана оқушы ересек өмірге сенімді қадамдармен өтеді. Одан бөлек алдағы 4 жылы қалай өтетінін шешетін тестті тапсыратын оқушы үнемі мазасыз, алаңдаушылық күйде жүреді.

Бұндай кезде ата-ананың бала-сымен сөзге келіп немесе түрлі ұй шаруаларымен айналысуға мәжбүр ететіні оқушының ойын бөліп, дайындығына әсер етеді. Үйінде ұй шаруаларымен шаршаса, мектепте мұғалімдер тарапынан әртүрлі сөздер айтылып, қысым жасалса, оқушылардың психологиялық жағдайы сыр береді.

Қазіргі біздің еліміздегі JUZ40 секілді ақылы курстар оқушының ерекше басымдықтарымен тартады. Ол орталықтарда әр оқушыны бақылайтын, тексеретін кураторлары болады. Тек қана сабақ бойынша байланыспайды, олар оқушыға ҰБТ жолын бастап, аяқтағанға дейін қолдау берумен айналысады. Кураторлар оқушыларға қиын сәтте демеу болып, білмесе үйрететін, көрсететін «жақын достарына» айналады.

Қытаймен салыстырсақ...

Осы мәселені Қытай мемлекетіндегі жағдаймен салыстырып көрейік. Оларда ұлттық бірыңғай университетке түсу емтиханы «Гаокао» деп аталады. Қытайда өмір сүретін халық саны 1 миллиард 400 мыңнан асса, бізде жалпы халық саны 20 миллионнан астам. Яғни, Қытайда халық саны 70 есе көп. Халық санына сәйкес жыл сайын бұл тестті 10-13 миллионға жуық оқушы тапсырады. «Гаокао» әлемдегі ең қиын тест ретінде саналады. Бұл Қытайдағы жоғары оқу орнына түсу бәсекелестігін көрсетеді. Көріп тұрғанымыздай, оқушыларға келетін қысым да көбірек болады. Осы кезде мектеп пен мұғалім тарапынан қандай көмек беріледі? Қытайда мектеп пен мұғалімдердің рөлі зор және жүйелі. Мектеп тарапынан 10-12 сынып аралығы толықтай «Гаокаоға» бағытталған дайындық жылдары болып есептеледі. Оқушылардың назарларын артық затпен ауламайды. Күн сайын 10-12 сағатқа дейін оқу, апталық тесттер, кешкі қосымша сабақтар,

ай сайынғы сынақ емтихандары, арнайы дайындық бағдарламалары ұсынылады. Мұғалімдердің тарапынан жеке консультациялар, қателерді талдау, арнайы тест нұсқалықтарын шешу, психологиялық қолдау, стратегиялық үйрету, яғни, уақытты басқару және тест тактикаларын үйретіледі. Біздің оқу жүйесінде ҰБТ-ға дайындық былайша тыңғылықты қарастырылмаған. Біздің ұлттық бірыңғай тестілеу «Гаокаомен» салыстырмалы түрде оңайырақ болғанымен, мектеп және мұғалім тарапынан оқушыларға берілетін қолдау мен көмек бірдей емес.

Кіно мұғалімде емес

Мектеп мұғалімдерінің жұмысы да оңай емес. Олар оқу бағдарламасын толық меңгеруді, түрлі жобалар мен іс-шараларды ұйымдастыруды, есеп беруді қатар алып жүреді. Дегенмен, оқушылар үшін ең басты мәселе – ҰБТ болғанына қарамастан, кейде оларды түрлі ұй тапсырмалары, ғылыми жобалар, олимпиадалар, мерекелік шаралармен шамадан

тыс жүктеу кездеседі. Мұндай жағдайда оқушының уақыты мен энергиясы шашырап, нақты мақсат – тестке дайындық екінші орынға ығысып қалады. Әрине, жан-жақты даму маңызды, бірақ 11-сыныпта басымдық дұрыс қойылуы керек. Өйткені, бұл кезеңде әрбір сағат, әрбір дайындық сәті бағалы. «Неге мұғалімдер оқушыларға ҰБТ-ға жеткілікті деңгейде көмектеспейді?» деген сұрақ жиі қойылады. Бұл жерде мәселе мұғалімдердің көмектескісі келмеуінде емес, жүйелік шектеулерде болуы мүмкін. Оқу бағдарламасы белгілі бір стандартқа негізделген, ал, ҰБТ сұрақтары кейде тереңдетілген немесе ерекше форматта беріледі. Мұғалім сабақ барысында жалпы білім беруге міндетті, ал, тестке бағытталған нақты стратегияларды үйретуге уақыт жетпей жатады.

Түйін

Қаржылық мүмкіндігі шектеулі отбасылардағы оқушылардың жағдайы – қоғам үшін маңызды мәселе. Бүгінде интернетте көптеген тегін ресурстар, онлайн тесттер, видео-сабақтар қолжетімді. Дұрыс жоспар құрып, өздігінен дайындалу арқылы да жоғары нәтиже көрсетуге болады. Ең бастысы – оқушының табандылығы мен жүйелі еңбегі.

ҰБТ – мүмкіндік. Тек әрбір отбасы, әрбір мектеп оқушыны дәл осы жолда қолдаса, бұл қысымға айналмас еді. ҰБТ мәселесі – тек оқушының ғана емес, бүкіл білім беру жүйесінің ортақ жауапкершілігі. Мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналар және мемлекет бірлесіп әрекет еткенде ғана нәтиже жоғары болады. Оқушыны тек тестке «дайындау» емес, сонымен бірге, психологиялық қолдау көрсету, сенім қалыптастыру, дұрыс бағыт беру маңызды. Себебі, жоғары балл тек білімнен емес, сенімділік пен сабырмен да құралады. Әрбір оқушы өз арманына жетуге лайық, ал сол арманға апарар жол әділ әрі қолжетімді болуы тиіс.

Ділназ ҚАППАРОВА

• ӘЛЕУМЕТ

Тағдырлар тоғысқан әлем

Ерекше қажеттілігі бар жастарға тең мүмкіндік беру – өркениетті қоғамның өлшемі. Бұл бағыттағы баянды бастама Тамақтану және сервис колледжіндегі оқу-өндірістік комбинатында да жалғасын тапты. Мұнда тағдырға мойымаған, ерекше білім беру қажеттіліктері бар жасөспірімдер болашағының іргетасын өз қолдарымен құруда. Бұл бағыттағы жетелі жобалар әлеуметтік әділет пен жауапкершіліктің іс жүзіндегі дәлелі болмақ.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Былтыр желтоқсан айында өңірден өрістеген «Кондитерлік іс» бағытындағы оқу-өндірістік комбинаты бүгінде нағыз шығармашылықтың қайнаған ордасына айналған. Қазірде мұнда ашық сабақтар ләк-легімен өтеді. Әрі жай ғана есеп үшін емес. Күні кеше өз әлемі өздерінде, төрт қабырғаға қамалған жас буын бүгін көпшілік алдында еркін көсіледі. Қамыр илеп, тәтті-дәмді пісіріп, дәмді десерттерді өнер туындысына айналдырған өрендер қабілетті шектеу мүмкін емес екеніне көз жеткізді.

Теория мен тәжірибені қатар ұштастырған ұяда 14 пен 22 жас аралығындағы он жеткіншек кәсіби білім нәрімен сусындауда. Олардың арасында аутизм, Даун синдромы, есту қабілетінің бұзылуы мен ЗТГС диагнозы бар жастар бар. Алты айға созылатын бұл курс соңында олар біліммен қатар, ресми куәлік алып, сүрлеулі соқпақтан сығылып, даму жолына бет бұрады.

Жобаның басы-қасында жүрген «Bolashak Charity» қоры бұл игі істі ата-аналардың көкейіндегі мұң-мұқтаж-дан арылып, көптен бергі түйткілдің бір ұшағының тарқатылғанына теңеді.

– Оқу-өндірістік комбинат даму ерекшеліктері бар жасөспірімдер үшін, сондай-ақ, түрлі себептермен оқуын жалғастыра алмаған жігерлі жастар үшін мектеп пен колледж арасындағы аралық буын ретінде ойластырылды. Балалар мектеппен қатар түрлі сабақтарға қаты-



сып, кәсіби дағдыларды шындай түседі. Әр жіктелген топта бірлесіп жұмыс істеуді үйренеді және алғашқы мамандығын меңгереді. Біздің қор тек оқытумен шектелмейді. Түлектеріміздің тағылымдамадан өтіп, ертенгі күні нан тауып жейтіндей жұмысқа орналасуына да мұрындық болады, – деді қордың әлеуметтік және инклюзивті бағдарламалар бөлімінің жетекшісі Самал Әлбилекова.

Колледждегі өндірістік база заманауи құралдармен жарақталған, ал, ұстаздар қауымы инклюзияның қыр-сырын жетік меңгерген. – Біз тек бәліш пісіруді үйрету емес, балаларға өз күшіне сенімділік сезімін және жетістіктерінен қуаныш алуды дарытуды міндет тұтамыз. Топта дамуында әртүрлі ерекшеліктері бар студенттер оқиды, сондықтан, әр тапсырманы кезең-кезеңімен, байыпты түрде түсіндіреміз, әрқайсысына көмектесіп, қолдау көрсетеміз. Оқушыға қателесуден қорықпайтын қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру аса маңызды, – деді өндірістік оқыту шебері Гүлнар Маматова.

Көптеген отбасылар үшін бұл жоба – үзілген үміттің қайта жалғануы. Соның бірі – 18 жастағы Ералы мен оның анасы Саида Ермағамбетқызы. Олардың «Bolashak

Charity» қорымен таныстығы осыдан бірнеше жыл бұрын басталып, үлкен жетістіктерге ұлаққан.

– Әлбетте, алғашқы жылдар оңай болған жоқ, бірақ, біртіндеп бейімделіп, қарапайым мектепте тоғыз сыныпты тәмамдадық. Қазір ұлым – техникалық-құрылыс колледжінің бірінші курс студенті. Мұнда ол аспаздық дағдыларын дамытып жүр. Ұлым дән риза. Үйренгенінің бәрін үйде де іске асырады. Жакында зімбір қосылған бәліш-печеніе пісіріп, мұғалімдері мен сыныптастарына ұсынды. «Өз қолы өз аузына жетті» деген осы болар. Мұндай жобалар аутизмді бар жаөспірімдерге тек мамандықты меңгерпей, болашаққа деген сенімін де бағдарлайды. Ералы қазірдің өзінде аспаз болып жұмыс істегісі келетінін айтады, – деді Саида Ермағамбетқызы.

Алғаш рет Астанада бастау алған бұл жоба бүгінде Қарағанды мен Орал қалаларына қанат жайып, менталдық даму ерекшелігі бар жүзден астам жастың өміріне өзгеше бір серпін әкелді. Алдағы жоспар да ауқымды. Қанатқақты жобаны еліміздің барлық өңіріне тарату көзделген.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Білімдіге жол ашық

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті талапкерлермен жүргізілетін кәсіптік бағдар беру жұмыстары аясында мектеп оқушыларына арналған дәстүрлі білім беру іс-шараларын жүйелі түрде ұйымдастырып келеді. Соның бірі – 11-сынып оқушыларына арналған пәндік олимпиада.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Таяуда өткен пәндік олимпиада математика, физика, информатика, химия, биология, қазақ тілі және Қазақстан тарихы пәндері бойынша өткізілді. Зияткерлік додаға жалпы саны 439 оқушы қатысып, олардың 163-і екінші кезеңге жолдама алды.

Білім бәйгесінің басты мақсаты – оқушылардың пәндік білім деңгейін анықтау ғана емес, сонымен қатар, болашақ мамандық таңдауда бағыт-бағдар беру. Олимпиада қорытындысы бойынша жүлделі орын иеленген талапкерлерге университеттің ақылы бөліміне оқуға түскен жағдайда оқу ақысына жеңілдіктер қарастырылған. Атап айтқанда, I орын иегерлеріне – 15%, II орынға – 10%, III орын иегерлеріне 5% жеңілдік беріледі.

Пәндік олимпиада талапкерлермен жүргізілетін кәсіптік бағдар беру жұмысының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Университет оқушыларға тек жарыс алаңын ұсынып қана қоймай, жоғары білім алудың нақты мүмкіндіктерін де таныстырады. Қазіргі таңда оқу орнында ақылы бөлімде білім алатын студенттерге арналған гранттар мен жеңілдіктер жүйесі тиімді жұмыс істеп келеді.

Солардың бірі – Ректор гранты. Аталған грант бойынша оқу ақысы бір оқу жылына немесе толық оқу мерзіміне 100 пайыз көлемінде төленеді. Бұл грант жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, ҰБТ-дан 100 балдан жоғары балл жинап, мемлекеттік грантка түсе алмаған талапкерлерге, сондай-ақ, «Дарын» және IQanat олимпиадаларының I орын иегерлеріне беріледі. Айта кету керек, ректор гранты бойынша ай сайынғы шәкіртқа қарастырылмаған.

Сонымен қатар, оқу ақысына бірқатар жеңілдіктер ұсынылады. Мәселен, мүгедек балалар мен I-II топтағы мүгедектігі бар талапкерлерге – 50%, көпбалалы отбасылардан шыққан талапкерлерге – 10%, «Алтын белгі» иегерлеріне – 30%, университет қызметкерлерінің балаларына – 15-50% аралығында, колледж және ҚарТУ түлектеріне – 10-20% көлеміндегі жеңілдіктер бар. Бұдан бөлек, пәндік олимпиада жеңімпаздарына, этникалық қазақтарға, сондай-ақ, бір отбасынан екі студент ақылы бөлімде оқыған жағдайда да жеңілдіктер беріледі.

Айта кету керек, кәсіптік бағдар беру жұмыстары тек университет қабырғасында ғана емес, өңірлерде де жүйелі түрде жүргізілуде. Осы уақытқа дейін университет өкілдері Қарқаралы, Бұқар жырау, Шахан, Шахтинск, Теміртау, Долинка және басқа да өңірлер мен қала мектептерінде оқушылармен кездесулер өткізді. Университет халықаралық және республикалық білім көрмелеріне белсенді қатысып, мыңдаған талапкерге мамандық таңдауда бағыт-бағдар беруді жалғастырып келеді. Онлайн форматтағы кездесулер де жолға қойылған. Айталық, Өзбекстан Республикасының мектептерімен және Қазақстанның басқа өңірлерімен Zoom платформасы арқылы ақпараттық кездесулер ұйымдастырылуда.

Осылайша, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті талапкерлерге арналған пәндік олимпиадалар мен жүйелі кәсіптік бағдар беру жұмыстары арқылы жоғары білімге қолжетімділікті арттырып, болашақ мамандарды даярлауға бағытталған кешенді жұмысты жүзеге асырып келеді.

Тариф, технология, тәртіп

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінде ол нақты жоспар мен жауапкершілікке сүйенеді. Жаңғырған ЖЭО, жаңаланған желілер, қайта қаралған тариф саясаты тұтас көзқарастың ауысуына септесіп, сана денгейіне серпіліс әкелді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқан энергетикалық дербестік ұғымы күр абстрактілі мақсат емес, күнделікті тұрмыстың үздіксіз береке жылуына айналды. Бұрын аяз күшейсе, алаң қоса күшейетін. Қазір аяз күшейсе, жүйе тексеріледі. Айырмашылық осында.

Жылу станциялары тек үйлерді ғана емес, сенімді де «жылтыра» бастады. Тариф тәртіпке, технология тұрақтылыққа, ал, бақылау болашаққа қызмет ететін кезеңге аяқ бастық. «Қызыл аймақ» қыр астында қалғанымен, өткен күннің гибратты дәрісі есте ұмытылған жоқ: инфрақұрылым жақтында күтім көрмесе, іс насырға шапқаны дей беріңіз. Қарағандының қытымыр қысы – қауіпті емес, дайындықтың өлшемі. Суықты жеңген станциялар ертеңді де еңсеруге қабілетті екенін дәлелдеп келеді.

Иә, Қарағанды облысы контекстінде «ЖЭО» сөзі мыңдаған тұрғын мен өнеркәсіп өкілдерінің албаты алаңдаушылығын тудырмай қоймайтын. Не түрлі апаратыр, жабдықтардың 60-70 пайызға дейін тозуы, қуат тапшылығы, жылыту маусымындағы іркілістер – мұның бәрі күнделікті шымбай-ымызға батқан шындық еді кеше. Бүгін жағдай түбегейлі өзгеріп келеді. Өңірдің жылу электр орталықтары тәуекелдің «қызыл аймағынан» сенімді түрде шығып, жаңғыртуда айтарлықтай ілгерілеу көрсетуде. Жетістік – алдымен энергетикалық қауіпсіздікті ұлттық дамудың басты бағыты еткен Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жүйелі саясатының нәтижесі.

Әр нәрсе дәл уақытын күтпек. Былтыр Қарағанды ЖЭО-лары ауқымы бұрын-соңды болмаған



денгейдегі жөндеу науқанынан өтті. Тек екі негізгі станцияда, яғни, «Қарағанды Энергоцентр» ЖШС-нің ЖЭО-1 және ЖЭО-3-інде негізгі жабдықтардың 26 жөндеуі жүргізілді. Оның ішінде, бес қазандық пен үш турбинаға күрделі ондау ісі жүзеге асты. Жөндеу бағдарламасының жалпы қаржыландыру көлемі 23,8 млрд теңге шамасын құрады. Қаражат тек «жамап-жасқауға» емес, терен жаңғыртуға да бағытталды. Мәселен, жүйелерді автоматтандыру, экологиялық және сенімділік көрсеткіштерін арттыру сынды дүниелер ардайым терен мөңге ие.

Нәтиже көп күттірмеді. 2024-2025 жылғы жылыту маусымының қорытындысы бойынша ЖЭО-3 «сары» аймақтан «жасыл» аймаққа ойысып, қоюланған күдігімізді сейілткен еді. Десек, дерліктей, жалпыұлттық үрдістің бөлігі қалпына келді. Ел бойынша 37 ЖЭО-ның орташа тозуы 64-тен 61 пайызға дейін төмендеді. Тоғыз станция «кызылдан» «сарыға», ал үшеуі – соның ішінде қарағандылық ЖЭО-3 «жасыл» деңгейге

көтерілді. Қарағанды облысында ЖЭО мен жылу желілерін жаңғыртуға салынған инвестициялар 44 млрд теңгеден асты. 10 млрд теңгеден астамы желілерді жаңартуға жұмсалды.

Әзір болған қорықпас. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше мәрте заманауи энергетикасыз цифрландыру да, индустриаландыру да, өмір сапасын арттыру да мүмкін емес екендігін баса белгіледі. Үкіметтің кеңейтілген отырыстарында және жыл сайынғы Жолдауларында нақты міндеттер жүктелді. «Инвестиция орнына – тариф» тетігі арқылы ауқымды жаңғырту іске асты. Жаңа қуаттар мүмкіндігі мен мерзімін кейінге созбай іске қосу қажеттігі ескерілді. Ең соңында барлық ЖЭО-ларды «жасыл» аймаққа шығару мейленді. Қазірде көмір базасын сактай отырып, газдандыру мен ЖЭК арқылы экологиялық трансформация мәселесі күн тәртібінде тұр.

Қарағандыда таңдаулы тапсырмалар жедел қарқынмен іске асуда. Ұлттық жоба 2026 жылы 9 энер-

гоблок, 55 қазандық және 51 турбинаны күрделі жөндеу арқылы елдегі тозууды 59 пайызға дейін төмендетуді көздейді. Бұл үдерісте өңірдің үлесі зор. Өңір мақтаншына айналған жоба – ЖЭО-3-тегі жаңа энергоблок құрылысы. Құны 134,6 млрд теңгелік жоба Еуразиялық даму банкінің (240 млн долларлық несие желісі) қолдауымен жүзеге асуда. 2028 жылға қарай мұнда сағатына 650 тонна бу өндіретін №9 қазандық және 140 МВт қуат өндіретін №7 турбина іске қосылады. Бұл станцияға 140 МВт электр және 180 Гкал/сағ жылу қуатын қосады да, өзіндік құдірет тауып, бөгенайы бірден бөлектене түспек. Жаңа блок 400-ден астам тұрғын үй мен әлеуметтік нысанды жылумен қамтамасыз етеді де, қуат тапшылығын жойып, бүкіл өңірдің сенімділігін арттырады. Қазірдің өзінде ЖЭО-3 қала электр энергиясының шамамен 86 пайызын өндіреді. Ал, жаңа блок іске қосылғаннан кейін елдегі ең ірі әрі заманауи жылу электр орталықтарының біріне айналады. Бұдан бес жыл бұрын жаб-

дықтардың тозуы 70-80 пайызға жақындап, апаратыр қала атаулысының қалыптасуына қыста қаңтары қоятыны бар-тын. Бүгінде тәуекел минималды. Бұған үш фактор әсер етті. Қаржылық тәртіп. «Инвестиция орнына – тариф» бағдарламасы қаржыны дәл мақсатқа бағыттады. Басқарушылық үйлесім. Облыс әкімдігі мен «Қарағанды Энергоцентр» жұмысы орталық саясатпен синхронды жүргізілуде. Технологиялық серпіліс. Автоматтандыру, жабдық ауыстыру, экологиялық шаралар тиімділікті арттырды. Нәтижесінде тұрғындар тұрақты жылу мен жарыққа, өнеркәсіп сенімді энергияға, экономика инвестицияға ие болды.

2026-2027 жылдары жылу желілерін жаңарту жалғасуда, цифрландыру мен смарт-мониторинг енгізіледі. 2029 жылға қарай республика бойынша 13,3 ГВт және қуат енгізілмек. Оның елеулі бөлігі ЖЭО жаңғыртуына тиесілі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2027 жылға қарай елдің электр энергиясына қажеттілігін толық әрі артық қорымен жабуды міндет етті. Қарағанды осы мақсатқа жақындап келеді. ЖЭО-лары жаңа энергетикалық саясаттың флагманына айналууда.

Қарағанды облысының энергетикалық жетістігі тек ЖЭО-3-пен шектелмейді. Теміртаудағы ТЭЦ-2 (АО «Qatmeb») жеке инвестиция есебінен жаңа №7 қазандық агрегатын (60 МВт электр + 80 Гкал/ч жылу) іске қосты. Бұл – қаладағы жылу тапшылығын жоюға және өндірістік қуатты арттыруға үлкен үлес. Ал, Топар ГРЭС-і үшін 2025–2026 жылдарға 34,6 млрд теңге бөлінген – бұл жөндеу мен жаңғырту бағдарламасының ең ірі жобаларының бірі. Облыс бойынша жалпы инвестиция 2025-2026 жылдары 44 млрд теңгеден асып, алдағы жылдары тағы да өседі.

Бұл – тарихтың соңы емес, жаңа кезеңнің басы. Миллиардтаған инвестиция, жаңартылған мыңдаған торап, жаңа қуаттар және адамдардың ертеңге сенімі

– осы жұмыстың шынайы жемісі десек қателеспейміз. Мемлекет басшысының көрсеткен саясатының арқасында өңір энергияны мәселеге емес, ел өркендеуінің драйверіне айналдыру жолында.

Әлбетте, жетістікті ғана жіпке тізіп, жіліктей берсек, жараспас. Асылы, энергетикалық қауіпсіздіктің толық жеңісі әлі алда. Ел бойынша орташа тозу деңгейі 61%-ға дейін төмендегенімен, әлі де ондаған станциялар мен жылу желілері жоғары тәуекел аймағында тұр. Қарағанды облысында да, жалпы ел сияқты, негізгі сын-қатерлер сақталып отыр. Кейбір магистральдардың тозуы 70-80%-ға жетеді. Облыста 10 млрд теңгеден астам қаражат желілерді жаңартуға жұмсалғанымен, жалпы ұзындығы жүздеген шақырымдық желілерді толық жаңғырту үшін жылдар қажет.

Қалған жабдықтардың тозуы және қуат тапшылығының қауіпіне оралсақ, ЖЭО-3-тің жаңа блогы 2028 жылға дейін іске қосылғанша, қала мен өңірдің өсіп келе жатқан қажеттілігін (жаңа тұрғын үйлер, Qatmeb-тің өндірістік жүктемесі) толық жабу үшін қосымша резерв керек болады. Қазыналы Қарағандының жылы құндағын құтты ете түсуі үшін құзыретті тарап 2026-2027 жылдары жылу желілерінің тағы 30-35 шақырымын жаңартуды, смарт-мониторинг жүйелерін енгізуді және цифрландыруды жалғастыруда. Ұлттық жоба аясында 2026 жылы 9 энергоблок, 55 қазандық пен 51 турбинаны күрделі жөндеу жоспарланды. Сөйтіп, әлі де көзге соғедей көрінерлік жайттарды шетінен сетінету ісі назардан еш түспек емес.

Қаз тұрып, қалт ойланарлық іс көп болғанымен, жүзіміз кеуе тартпады. Жоғарыда кыюын тапқан жетелі жобалар бас бармағымызды балтаға сап қыларлық деңгейге көтерілгенін аңдап, бойымыз байыс тапқанай. Қонысы кенді, атырабы елді Қарағанды энергетикалық қуатын еш сарқылмайды.

• ТАҒЫМ

Жаны жомарт жақсы аға

Шіркін, уақыт-ай! Біз де жаны жайсаң, жүрегі жомарт жақсы аға туралы өткен шақпен естелік жазуды бұйырғыпты. Иә, ағалардың қатары сиреп, жақсылардың өмірден өткенін естігенде жаның жабырқап, жүрегің жылап қалады-ау, шіркін...

«Өмір – мәңгілік ұйқы алдындағы аз ғана серуен», – деген екен батыстың бір ғұламасы. Шынымен де, өлшеулі өмір, маңдайға жазылған пешене – соңы мәңгілік ұйқыға ұласатын бір дәурен екен ғой. Ал, өзіңе тиесілі өмірді қалай сүрдің, артына із қалдыра алдың ба, ол – сенің мүмкіндігің. Яғни, өмірге адам боп келіп, адам боп кетудің өзі – күрделі процесс.

Өмірде көп жасамасаң да, көпті көріп, көңілге түйенің көп болған соң, қауырт жұмыстан сәл босай қалған уақытың ой жетегінде өтеді екен. Кешегі күндеріңнің бәрі санада қайта жаңғырып, барлығы көз алдынан өтеді. Кеңіл түпкірінде көлбеген қалқан жастық шақ, ел ісіне араласқан азаматтық шағын, абырой биігіне ұмтылған дер шағын, бәрі-бәрі жан дүниенді қанағатқа бөлесе – жақсы. Ал, түске дейін өзі өліп, түстен кейін аты (есімі) ұмыт болатын пенделер қаншама...

Өнегелі өмірі мен адал болмыс, елеулі еңбегі естелікке айналғанына «атқан оқтай, шапқан аттай» зымырап 40 күн өте шыққан Арқаның атымтай азаматы, соңына өшпес із қалдырған замандас аға Мұрат Қайыпқанұлы олардың қатарынан емес. Мұрат ағаны тек Арқа елі ғана емес, мұқым қазақ жұрты алақанынан түсірмей ардақтады. Ол сол құрметке мейлінше лайықты еді.

Мұрат аға өмірден озған уақытта іссапарда болатынын. Бір ұсы топтық сала алмадым. Қаңтардың сарышұнақ аязы емес, ардақты ағаның қазасы туралы Қарағандыдан жеткен қаралы хабар жанымды жауратып жіберген-ді. Жанына жақын тұтып, көңіліне жаққан жақсы аға туралы өткен шақпен әңгімелеу қандай ауыр еді?! Мұрат ағамыз мен үшін де, ел үшін де осындай кәсірлі де, құрметті азамат еді. Лауазымды қызмет атқарып, «жақсы аттың қалында» ғұмыр кешкен талайдың артында не бір ауыз сөз, не бір өнегелі ісі қалмағанын да көріп жүрміз. Елінің жанышары атанып, адалдығымен көпке жаққан, жайдары болмысымен ел жадында есімі қалған Мұрат ағаның қарапайым қалыптан айнымаған гибратты ғұмыры олардың қасында дастан кейіпкеріндей келісті еді.

Иә, қасиетті Арқаның аял азаматы,

кішіпейілділігі мен қарапайымдылығын қалқан етіп, саналы ғұмырында елге абыройлы қызмет етудің тамаша үлгісін көрсеткен Мұрат ағамыз адамзаттың асылы еді. Өткен, өмірі келте болды... Өкінішті! Мұрат ағамыздың беймезгіл қазасы өз әулеті үшін ғана емес, тұтас Қарағанды өңірі үшін де ауыр қайғы болды.

...Өзі – тағдырлы жан. Небары екі жасында әкесі өмірден озып, жалғыз ұлдың бетіне қарап қалған Шахан анасының тәлімін сіңіріп, тәрбиесін алып өсті. Адалдықтан айнымай ғұмыр кешті. Еліне елеулі еңбегі сіңді. Өз қаражатына туған ауылы – Шет ауданына қарасты Жұмыскер ауылына төрт мұнаралы мешіт, концерттік сахна, «Көктіңкөлі» ауылына Сарысу өзенінен өтетін көпір салып, қараорман халқының алғысын алды. Бұдан бөлек Мұрат Қайыпқанұлының өнер мен әдебиет өкілдеріне көрсеткен қолдауы мен тигізген шарапатын бүгін айтып тауыса алмастық.

Өңірдің өркендеуіне өлшеусіз еңбегі сіңіп, елінің шынайы құрметіне бөленіп жүрсе де, өзін дәріптеуге, марапат дәмепіп, өзі туралы ода жаздыруға жан-тәнімен қарсы болып өтті. Қарапайымдылығы болар, тіпті, ресми жазылған өмірдегі болмапты. Өмірден озған күні ауылды достары жергілікті газетке қазанама беруге марқұмның өмірбаянын әрең құрастырғанын естігенде, Мұрат ағаның қарапайымдылықтың ғажап үлгісі болғанын түйсіндім.

Көзінің тірсіңде ешқандай басылымға өмірбаяны мен өнегелі ісі тұрмақ, есімі жарияланып көрмеген белгілі кәсіпкер, мерейлі мещенат Мұрат Қайыпқанұлының өмір жолы туралы ресми дерек келтіре кеткеніміз артық болмас.

Мұрат Жадаев 1961 жылы 15 наурызда Қарағанды облысы, Шет ауданы, Жұмыскер ауылында дүниеге келген.

Туған ауылында Абай атындағы орта мектепті 1978 жылы бітіріп, Жамбыл гидромелиорациялық-құрылыс институтына түседі. Аталмыш оқу орнын 1983 жылы бітіріп, жолдामамен сол кездегі Ақадыр ауданына жіберіледі. Ақадыр аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында инженер-құрылысшы, Ақадыр шаруашылық жөндеу-құрылыс уақсесінде бас инженер қызметтерін абыроймен атқарды.

1990-1995 жылдары Ақадыр ауданы, «Көктіңкөлі» кеңшарында аға прораб болып еңбек етті. 2000 жылдан өмірінің соңғы сәтіне дейін кәсіпкерлікпен айналысты. Кәсіпкер болғанда да, алыпсатарлық емес, таза маңдай термен келіпін адал еңбегімен таңдады. Құрылыс-монтаждау бағыты



бойынша «Матан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құрып, жол құрылысы саласында республикадағы 10 ТОП компаниялардың үздік бестігінен көрінді. Әсіресе, аса күрделі көпір құрылысы саласында көш бастады.

Мұрат ағаның жобалауымен салынған маңызды құрылыс нысандары аударында Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Атасу ауылындағы Сарысу өзені арқылы өтетін көпір, Алматы облысындағы Тентек, Тоқты, Жаманты өзендеріндегі көпірлер, Қостанай облысы, Аманқарағай кентінде теміржол арқылы өтетін өтпезжол, Ақмола облысында Сілеті өзенінің көпірі, Астана қаласында шыға берісіндегі екі өтпезжолдың, Қырғызстан мен Қазақстан шекарасындағы Шу өзеніне салынған көпір құрылысы, «Қызылорда-Павлодар», «Қарағанды-Аягөз» автожолдарындағы бірнеше өтпезжол құрылыстарын, Қарағанды қаласында үй құрылысы комбинаты ауданы мен Федоровка ықшам ауданындағы екі үлкен көпірдің күрделі жөндеу жұмыстарын атауға болады. Бұлардың барлығы – Мұрат аға басқарған «Матан» ЖШС-нің ширек ғасырда салған құрылыстарының ширегі ғана. Арқа атырабынан шыққан талантты жастарға қолдау көрсетіп, қолтығынан демеген жомарттығын бір мақалада түгендеп шығу мүмкін емес. Таза жүрегінің мейіріммен тағдыр ызғарына жаны жаураған талай жанды жылытып, қаншама жаңа үміт сыйлаған Атымтай-Жомарт ағаның шарапатығы істері аңыз болып әлі талай шертіледі.

Жүрегі – ақын, жаны – жайлау жақсы ағаны әлі талай сағынатын боламыз. Мұрат ағаның сабыры мен өрелі өлеңдері, ең салғандағы қоңыр үні мен әсерлі әуезі енді оны білетін, құрмет тұтқан жандардың жүрегінде өмір сүреді. Көңіл толқындарын көркем оймен өріп, жан дүниесінің жанартаудай дүмпулерін өлеңмен жеткізетін арда азаматтың ақын жүрегі тап-таза күйінде соғуын тоқтатты. Қандай өкінішті?!

Туған бажасы, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, қобызшы Байғара Сәдуақасов екеуінің тамаша қалжыңдары мен егіздің сыңарындай жарасымды сыйластықтарына талай куә болып едік. Жақында Байғара көкеме жолығып, арнайы көңіл айттым. Жаны жабырқап, еңсесі еңкіш тартып қалған екен. Кеше маған «Жолшылар маршын» деген керемет бейнебаян жіберіпті. Сөзін Мұрат аға, әнін белгілі композитор, Байғара көкемнің ұстазы Ермұрат Үсенов жазған екен. Өнді қарағандылық «Арқа сазы» ансамблінің сүйемелдеуімен орындаған – қазақтың талантты әншісі, қазақ әнінің құдіретін әлемдік сахналарда танытып жүрген Айдос Жарбағин. Жол құрылысы майталмандарына рух беретін жарғап ән! Рухты! Өнді тыңдап отырып жаным жүдеп, жүрегім толқып кетті. Мұрат ағаға деген сағыныш сәт сайын еселеніп, тұлғасы асқақтап бара жатқанын сезіндім. Тілеуқор елі, рухтас достары, шапағатын көрген бауырлары барда Мұрат ағаның өнердегі мұрасы мәңгі өлмейді! Ал, Мұрат Қайыпқанұлының салған көпірлері кешегі мен бүгінді, бүгін мен ертеңді жалғап тұр.

Тағдыр жолымда жақсылармен жанастырып, Мұрат аға секілді жаны жомарт жақсы ағаның шарапатын сезіндіріп, кісілік келбетіне құрмет көрсетер мүмкіндік сыйлаған Жаратушыға дән ризамын!

Алланың құзырына барғанда тіршілігінде көпір мен мешіт салған пенденен Жаратушы Һак сұрақ алмайтынын айтады шариғат шарттары.

Өзінің «Көктем» атты өлеңінде:

Көктем-ау, көктем,
Күттік-ау көптен.
Кешігіп жатсың,

Бар ма әлде, өкпен?! – деп жырылаған екен. Біз де көгілдір көктемді күтіп жүрміз. Бірақ, бұл көктемді Мұрат ағамның күлпейтіні, қарсы алмайтыны қандай өкінішті?!

Абзал аға, асыл азаматтың мекені жұмақтан болсын!

Бекзат АЛТЫШЕКОВ

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Жол бойында жаңа нысан

«Алматы-Екатеринбург» халықаралық автожолында жол бойындағы сервисі дамыту аясында Балқаш аумағында заманауи «GasEnergy» автожанармай құю станциясы салтанатты түрде ашылды. Маңызды нысанның лентасын кюо құрметі Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Руслан Сыздықов пен «Petro Retail» ЖШС-нің Ұлытау және Қарағанды облыстары бойынша филиал директоры Асхат Жиенбаевқа берілді.

Нұрлос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа кешен – өңірдегі ірі инвестициялық жобаның алғашқы қарлығашы. Аталған аумақтағы ең ірі жанармай құю бекеттерінің бірі саналатын нысан заманауи талаптарға толық сай келеді. Келушілерге кең әрі жарық сауда залы, дәмханана кофе мен шай ішуге мүмкіндік, балаларға арналған ойын алаңы, барлық жағдайы жасалған санитарлық тораптар және намазхана қарастырылған. Автожанармай құю станциясы сегіз ай ішінде «Petro Retail» ЖШС-нің 1,5 млрд теңге көлеміндегі жеке инвестициясы есебінен бой көтерді. Жоба жол бойы сервисінің сапасын арттырып қана қоймай, өңір экономикасына да серпін беріп отыр.

Аталған нысанның іске қосылуымен Балқаш қаласының тұрғындары үшін 36 жаңа жұмыс орны ашылды. Серіктестік басшылығының мәліметінше, туристік маусым басталып, кулинарлық цех іске қосылғаннан кейін қызметкерлер саны 51 адамға дейін көбейеді.

Айта кетейік, жаңа нысан өңір тұрғындары мен транзиттік бағытта қатынайтын көлік жүргізушілеріне сапалы қызмет көрсетуді мақсат етеді. Станцияда АИ-92, АИ-95 маркалы бензин, дизель отыны және автогаз ұсынылады. Сонымен қатар, заманауи талаптарға сай электр қоліктерін қуаттауға арналған инфрақұрылым да қарастырылған. Бүгінде GasEnergy желісі Қазақстанның 8 өңірінде жұмыс істейді. Компанияның 40-тан астам жанармай құю станциясы бар.

БАЛҚАШ

Отбасында озбырлыққа орын жоқ



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыңсіз Қазақстан үшін!

Мемлекеттің мықтылығы – оның қаруында немесе байлығында емес, әрбір азаматтың өзін қауіпсіз сезінуінде. Қоғамның құрғатамырына балта шабатын зорлық-зомбылықтың алдын алу – бүгінгі күннің басты талабы, әрі адамгершілік борышымыз. Осы мақсатта Қарағанды облысының Азаматтық Альянсы мен Қазақстан Халық партиясының облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасы азаматтарының абсолютті құқықтары: зорлық-зомбылыққа нөлдiк төзімділік» тақырыбындағы диалог алаңы өтті.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиын заң үстемдігін нығайтуды көздеді. Іс-шараның модераторы Дмитрий Полтаренко бұл мәселеге қатысты өз ойын былайша сабақтады.

– Біз ең алдымен қоғамдағы әйел – әрдайым құрбан, еркек – әрдайым озбыр деген сияқты біржақты гендерлік түсініктен арылуымыз керек. Қазіргі қым-

туыт қоғамда ер адамдар да зорлық-зомбылыққа ұшырап жататыны жасырын емес. Егер ер адам полицияға шағымдана, оны «әйеліне шамасы келмеді» деп келеке етеміз, бұл – үлкен қателік, – дейді модератор.

Сондай-ақ, оның айтуынша нағыз теңдік ер мен әйелдің бірдей болуында емес, олардың заң алдындағы құқықтары мен мұмкіндіктерінің теңдігінде. Дмитрий Полтаренконың пайымда-

уынша, отбасы – бұл бірін-бірі сыйлайтын, ортақ шаңырақты бірге көтеретін тең құқылы серіктестердің одағы болуы шарт.

«Аналар үйі» қоғамдық қорының өкілдері көмекке мұқтаж жандардың түйткілді мәселелерін ортаға салды. Бүгінгі таңда дағдарыс орталықтарының тапшылығы, әсіресе, мемлекеттік орталықтардың тек ірі қалаларда ғана шоғырлануы – айтарлықтай кедергі. Сондай-ақ, жәбірленуші

әйелдің көмек алу үшін міндетті түрде полицияға арыз жазуы керек деген бюрократиялық талап көп жағдайда психологиялық қысым тудырады. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамға 6 айлық психологиялық оңалтудың өзі аздық ететіндіктен, жүйелі қолдау тетіктерін дамыту – уақыт күттірмейтін мәселе.

Әрі қарай келелі кездесуде рухани құндылықтар да кеңінен сөз болды. Облыстық Әнет баба мешітінің наиб имамы, дінтанушы Қоныскерей Құмар бұл тақырыпты дін мен дәстүр сабақтастығы тұрғысынан өрбітті.

– Асыл дінімізде әйел затының дәрежесі өте жоғары, тіпті, Құран Кәрімде Жаратушы Иеміз «Маған және аналарыңа шүкір етіңдер» деп, өзінің қасиетті есімінен кейін бірден Ананың атын атап тұр. Бабаларымыз жарына дауыс көтермек түгілі, бүкіл тәрбиені қас-қабағымен ғана сездіре білген. Ер азаматтың қадірі әйеліне қол көтерумен емес, оның нәзік болмысын аялап, отбасында сабырлық танытуымен өлшенбек, – деді ол өз сөзінде.

Диалог алаңы тек пікір алмасумен шектелмей, ұтымды ұсыныстарды ортаға салумен ұласты. Зорлық-зомбылыққа қарсы күрес – тек мемлекеттің немесе жекелеген ұйымдардың ғана ісі емес, әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі. Құқықтық мәдениеті жоғары, адам құқығын ардақтайтын қоғам ғана қауіпсіз бола алады.

Сурет автордан

Рашид Мұратұлы Әлібеков

2026 жылдың 25 ақпанында көрнекті тұлға, мемлекеттік статистика жүйесінің ардагері Рашид Мұратұлы Әлібековтің өмірден озғанын қайғыра хабарлаймыз.



Рашид Мұратұлы 1937 жылы 24 мамырда Көкшетау (қазіргі Солтүстік Қазақстан) облысы, Володар ауданы, Володарское ауылында дүниеге келген. Өмірінің көп жылдарында ол Қарағанды облыстық статистика және тағдалу басқармасын басқарды. Мемлекеттік статистиканы жаңғырту мәселелері оның назарынан тыс қалмады. Рашид Мұратұлы есеп жүргізудің халықаралық стандарттарын зерттеді, газеттер мен журналдарда ғылыми мақалалар жариялады. Оның басшылығымен Қарағанды статистикалық басқармасы республикада әрқашан алдыңғы орындарға ие болды.

Облыстық статистика басқармасының басшысы бола отырып, ол өз қызметін қоғамдық жұмыстармен ұштастырып, бірнеше рет аудандық, қалалық және облыстық Халық депутаттары кеңесінің депутаты, облыстық атқару комитеті, облыстық партия комитеті комиссиясының мүшесі, мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақтары облыстық комитеті Президиумының мүшесі болып сайланды.

Уақытпен бірге жүру, оның талаптарын нәзік сезіну, барлық білімін, жанын жұмысқа беру – осы принциптердің барлығын Рашид Мұратұлы еңбек қызметінің барлық кезеңінде ұстанды.

Қол жеткізген жетістіктері мен Қазақстан статистикасын дамытуға және жетілдіруге қосқан үлесі үшін ол бірнеше рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамоталарымен, «Социалистік есеп үздігі» белгісімен, медалдармен және дипломдармен марапатталды. Өз еңбегі үшін ол Қазақстан Республикасы Мемстаткомының Құрмет Кітабына енгізілді, бірақ оның басты наградасы әріптестерінің құрметі мен отбасының сүйіспеншілігі мәңгі қалады.

Ол лайықты, дана және жауапты басшының да, мейірімді, көңілді және жанашыр адамның да жарқын жадын қалдырды. Оның кетуі бәріміз үшін орны толмас шығын.

Ол туралы естелік біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Туыстары мен жақындарына қайғыра көңіл айтамыз.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қарағанды облысы бойынша департаментінің ұжымы мен ардагерлері

№84

• ТАБИҒАТ ТЫЛСЫМЫ

Балықтың өзі эколог

Бұқар жырау ауданына қарасты Үштөбе ауылының кіреберісінде жергілікті халық «Вонючка» деп атап кеткен су қоймасы бар. Кеңес үкіметі кезінде жасалған деседі. Ауыл ақсақалдары нақты қай жылы және қандай мақсатта жасалғанын доп басып айтпады. Әйтпей осындағы ағалар қауымы «1970-1980 жылдардағы балалығымыз платинаның жағасында», – өтті дейді. Атына заты сай. Жаз мезгілінде платинаға манайласаныз болды, мұрыныңызға сасыған судың иісі келеді. Балдыр басып кеткендіктен, шомылға жарамсыз. Балық та жоқ. Көктемде қарғын сумен денгейі көтеріліп, ештеңе «тасып та» алады. Жағасында құла-қоқыс шашылып жататын. Кейінгі екі жылда жағдай оңалды. Суы тазарып, сасық иіс те жоғалды. 2024 жылы жергілікті әкімдік сенбілік ұйымдастырып, төңірегін қоқыстан тазартты. Манайына бейнебақылау камерасын орнатып, қоқыс төккендерді айыппұлмен жазалай бастады.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаздың бір кешінде платинаға барғанымызда, суында балдырдың күрт азайғанын байқадық. «50 жылдан астам уақыт сасып жатқан платина қалай тазарып шыға келді? Әлде мәселеге экологтар араласты ма екен?» деген сауалдар тұрды көкейде. Сауалға жауап іздеп жергілікті әкімдікке бардық. Олар суды тазарту үшін ешқандай да жұмыс атқармағандарын айтты. Экологтардан мұның мәнісін сұрап едік, балық болмаса, балдырдың өздігінен азаймайтынын, балықтар ғана судың экожүйесін реттейтінін ұғындырды. Биология ғылымындағы балықтарға қатысты жазылған еңбектерде балықтар көлдің тамақ тізбегінде маңызды рөл атқаратыны жазылған. Олар өсімдіктер мен микроорганизмдермен қоректенеді немесе басқа жануарларды жеп, экожүйедегі тепе-теңдікті сақтайды. Балықтардың саны мен түрлері көлдегі биологиялық әртүрлілікті қолдайды. Кейбір балық түрлері көлдің химиялық құрамын да өзгертеді. Су астын-

дағы өсімдіктер мен органикалық қалдықтарды жұтып, судың тазалығына әсер етеді. Мысалы, су асты өсімдіктерін жеп, олардың өсуін тоқтатып, су астындағы оттегінің деңгейін сақтайды. Кейбір балық түрлері түбіндегі шіріген өсімдіктер мен органикалық қалдықтарды қорытып, судың тазалығын қамтамасыз етеді.

Табиғат заңына сүйенсек, өлі суда балық өздігінен пайда болмайды. Міндетті түрде балық уылдырық шашу керек. Мұнда уылдырық шашатын балық қайдан пайда болды? Осы сұраққа біршама уақыт бас қатырып жүрдік.

2025 жылдың желтоқсан айында платинаға бет алған балықшылар тобын көзіміз шалды. Сондарынан еріп барып, мұнда балықтың қайдан пайда болғанын сұрадық. Сұрақ қойып тұрып олардан ертерек келген екі балықшының шелегі орталанғанын көрдік. Яғни, суда балық көп. Балықшылар Үштөбе ауылының Соқыр батыр көшесінде Иван Лацириус есімді әуесқой балықшы платинаға басқа өзен-көлдерден аулаған балықтарын жаз мезгілінде жібергенін, сол балықтар уыл-

дырық шашып, көбейгенін айтты. Біз шағын ғана платинаның тұтас экожүйесін қалыпқа келтірген елеусіз қаһарманның мекенжайын сұрап, іздеп бардық. Айтпақшы, әлгі балықшылар Үштөбе ауылының тұрғындары. Демалыс күндері платинаға келіп балық аулап, демалады екен.

Иван Лацириус 1982 жылы осы Үштөбе ауылында дүниеге келген. Ұлты – неміс. Бала кезінен балық аулауға әуес. Қолы қалт етсе болды, жол талғамайтын көлігіне асай-мүсейін артып, шалғайдағы өзен-көлдерге аттанады. Мұз үстіне лашық тігіп, 1-2 күн қармақ салып жатады. Өзінің жан рахаты үшін ғана аулайтынын айтты.

– Бала кезімізде платина таза болатын. Шомылып, балық аулайтын едік. Кейін суы ластанып, адамдар жағалауына қоқыс төге бастады. Осының бәрі бізге ауыр тиді. Бір күні шалғайдағы бір көлге аулаған балықтың шабақтары осы платинаға әкеліп жібере бастадым. Бір жылдай осы шаруаға көңіл бөлдім. Мөңке, алабұға, сазан балықтарының шабақтарын әкелдім. Бірақ, көкейде балықтар

платинада тіршілігін жалғастыра ала ма деген сұрақ тұрды. Жіберген балықтар көбейді деген үмітпен оттегі жеткілікті болсын деп қыста мұзды бұрғылап тесіп жүрдім. Бұл жұмыстарды күн сайын тұрақты түрде істеп тұрдым. Нәтижесін бір жылдан кейін көрдім. Су қоймасында балықтар көбейіпті. Балаша құандым. Қазір платинаға көп балықшы келе қоймайды. Мұнда балық барынан таныстарым ғана хабардар. Көбісі білмейтін де шығар. Әзірге білмегені де жақсы. Жыл сайын уылдырық шашып, көбейсе екен, судың тіршілікті жандандыра түссе екен, – деді Иван Лацириус.

Иван өзі бұл платинадан балық ауламайды. Астындағы жол талғамайтын көлігімен алыстағы өзен-көлдерге барады. Әлі күнге дейін қармағына іліккен балықтардың шамалы үлесін тірдей әкеліп, су қоймасына жіберіп жүр.

Міне, әуесқой балықшының қарапайым ерекеті су қоймасын тазартып, тіршілігін жандандырды, төңірегін сасық иістен арылтты, экожүйесін қалыпқа түсірді. Суын балдырдан, жағалауын қоқыстан тазарту үшін әкімдік жағалап қыруар қаржы сұрамады, дабыл қақпады. Бар болғаны, тіршіліктің тамырын дөп басты.

Қоршаған ортамен үндестікте өмір сүру деген осы шығар. Қоршаған ортаны сақтау үшін эколог немесе белсенді болу міндетті емес. Тек табиғат анаға жаңың ашыса болғаны. Жаны ашыған адам оған қамқорлық жасаудың жолын табады.

1. «ҚР ҚМ Мемлекеттік қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әлеп кодексінің нормаларын, «Мемлекеттік қызмет» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңнаманың департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ға дейін жұмыс тәртібімен 8 (7212) 41-36-90 сенім телефоны қызмет етеді».

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әлеп кодексінің нормаларын, «Мемлекеттік қызмет» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңнаманың Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары:

- Саран қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72137) 5-11-44;
- Шахтинск қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72156) 3-91-84;
- Теміртау қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (7213) 98-10-18;
- Қарқаралы аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72146) 3-17-38;
- Бұқар жырау аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72154) 2-12-87;
- Нұра аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72144) 5-29-88;
- Осакаров аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72149) 4-18-90;
- Абай аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (72131) 4-47-37;
- Ақтоғай аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (71037) 2-10-11;
- Балқаш қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (71036) 4-07-49;
- Приозерск қалалық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (71039) 5-20-45;
- Шет аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының: 8 (71031) 2-18-06.

2. «Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртібімен 42-57-81 сенім телефоны қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы «terkom_kar@minfin.gov.kz».

Д

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

Д

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Болашақ бүгіннен басталады

Жас ұрпақтың ғылымға бет бұруы – ел болашағының кепілі. Осы мақсатта ұйымдастырылған «Болашақ – біздің қолымызда» ғылыми-зерттеу байқауы Қарағанды қаласында дарынды оқушылардың басын қосып, білім мен ізденістің алаңына айналды.

Мартбек Мамыраев атындағы мектеп-интернатта 8-9 сынып оқушылары арасында аталған ғылыми байқау өтті. Байқау білім беру бөлімінің әдіскері жоспары негізінде ұйымдастыру биология және химия пәні мұғалімдеріне жүктелді. Байқаудың мазмұнды әрі жүйелі өтуіне мектеп директорының ғылыми ісі жөніндегі орынбасары Сәуле Ізтілеуованың қосқан үлесі ерекше.

Ғылыми жобалар алты бағыт бойынша ұсынылды. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы және экологиялық биотехнология, ауаны және суды тазарту әдістері, экологиялық биология, медициналық және фармацевтикалық биотехнология, тағам өндірісіндегі биотехнология және жасыл химия қамтылды. Оқушылар заманауи ғылым жетістіктеріне сүйене отырып, экологиялық

және әлеуметтік маңызы бар мәселелерді көтеріп, өзекті ұсыныстарын ортаға салды.

Байқауда қала мектептерінен 28 оқушы ғылыми жобаларын қорғады. Қатысушылар зерттеу жұмыстарының өзектілігі мен практикалық маңызын дәлелдеп, тың идеялармен ерекшеленді. Жобаларды бағалау тәжірибелі педагогтер мен пән мұғалімдерінен құралған әділқазылар алқасына жүктелді.

Қорытынды кезеңде үздік деп танылған оқушылар I, II, III дәрежелі дипломдармен, Алғыс хаттармен және арнайы марапаттармен наградталды.

Байқау жоғары деңгейде қорытындыланды. Бүгінгі жетістік – ертеңгі үлкен жолдың бастауы. «Болашақ – біздің қолымызда» атты ғылыми-зерттеу байқауы оқушылардың ғылымға деген ынтықтарын арттырып, болашақ жас ғалымдардың қалыптасуына серпін беретіні анық.

Дидаргүл ХУАТАЙ,
Айжан ОСПАНОВА,
Мартбек Мамыраев
атындағы
мектеп-интернатының
мұғалімдері

ҚАРАҒАНДЫ

Жаңалық әрқашан жаныңызда!
<https://ortalyq.kz/>

№89

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Аңыз актрисаны еске алды

Биыл ҚазКСР-нің еңбек сіңірген артисі, қазақ театр өнерінің аңызы Қайныкен Әлімбаеваның 100 жылдығы. Осыған орай, Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Әнім мен рөлім – өмірім» деп аталған еске алу кеші өтті. Тағылымды іс-шараға театр өнеріне қызығушылық танытқан студенттер мен мектеп оқушылары қатысты.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қайныкен Әлімбаева 1926 жылы Қарқаралы ауданында дүниеге келген. 1944 жылдан филармония әншісі болып еңбек еткен. 1945-1947 жылдары Қарқаралы драма театрында әнші әрі қазақ драма үйірмелерінің жетекшісі болды. 1954-1956 жылдары облыстық филармонияда қызмет атқарып, 1956 жылдан бастап Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театрының сахнасынан зейнетке шыққанға дейін түскен жоқ.

Қазақ театры тарихында өзіндік қол-

таңбасы бар. Ол Ғ.Мүсіреповтің «Қыз Жібек» музыкалық драмасындағы Жібекті, С.Мұқановтың «Шоқан Уәлиханов» драмасындағы Айжанды, М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» комедиясындағы Айманды, «Майрадағы» Майраны, «Еңлік-Кебектегі» – Еңлікті, Е.Брусиловскийдің «ЕрТарғын» драмасындағы Дананы, У.Гаджибековтің «Аршын мал-аланда» драмасындағы Гүлшахтранны, Б. Майлиннің «Шұға» драмасындағы Шұғаны, Н. Файзидің «Ғалиябану» драмасындағы Ғалиябануды, Н.Островскийдің «Найзағай» трагедиясындағы Кабанихананы, З.Жақупов пен Ж.Сәрсектің «Бажалар мен бал-

дыздарында» Рэзияны сомдады. Театр көрерменінің жүрегінде осы бейнелермен де қалды. 1971 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

1957 жылы Мәскеу қаласында өткен студенттер мен жастардың 4-ші Фестиваліне қатысып, сол айтулы сында топты жара оза шығып, бәйге алды. «Бүкілодақтық студенттер мен жастардың 4-ші фестивалінің лауреаты атанып, кеудесіне «Күміс медаль» қадады.

1958 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнері мен әдебиеті күндеріне қатысады. Алматы хор капелласының арнайы шақыруымен барған Қ. Әлімбаева хор капелласымен бірігіп, жеке дауыста Мәскеу көрермендерінің алдында «Қазақ вальсі» мен «Бобегім» әндерін әуелете шырқады. Сол жолы «Үздік еңбегі үшін» медалімен марапатталған. 1962 жылы оған «Республиканың еңбек сіңірген әртісі» деген құрметті атағы берілді.

Театранушы Марал Нұрғөлеуова Қайныкен Әлімбаеваның 100 жылдығы облыстық деңгейде аталып өтілсе дейді.

– Қайныкен Әлімбаева Қарағанды облысына ғана емес, қазаққа ортақ сахна жұлдызы деп білеміз. Ол қазақ театр өнерінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан тұлға. Соңынан ерген жас толқынға өнердегі биік межені нұсқай білді. Сол себепті де, Қайныкен Әлімбаеваның есімі елеусіз қалмауы керек, – деді Марал Нұрғөлеуова.

Еске алу кешінде жиналған жұртқа Қайныкен Әлімбаева туралы түсірілген деректі фильм көрсетілді. Сонымен қатар, Сәкен театрының музей менгерушісі Рауан Әбдуалиева мен театр-анушы Марал Нұрғөлеуова аңыз актрисаның шығармашылық ғұмыры турасында дәріс оқыды.

Сурет автордан

• КЕЗДЕСУ

Ақынын ардақтаған ел озады

М.Әуезов атындағы орталық қалалық кітапханада айтыскер ақын Айтбай Жұмағұловпен «Арқа айтысының ақбозы» атты кездесу кеші өтті. Іс-шараға айтыс тыңдармандары мен ақынның үзегілес достары жиналды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеш Арқа өңіріндегі айтыс мектебінің көрнекті өкілі Айтбай Жұмағұловтың шығармашылығын ұлықтау, кейінгі буынға өнеге етуді мақсат тұтады.

Сөз алған Тілеген Әділов бастаған ақындар мен қаламгерлер Айтбай ақынның азаматтық болмысын, өнердегі қолтаңбасын, айтыс сахнасындағы баулы мінезі мен тапқырлығын тілге тиек етті. Айтыстың ақтангері Дидар Камиев ақынға жырын арнады.

Айтбай Жұмағұлов – айтыс ақыны ғана емес, шәкірт тәрбиелеген ұстаз. Осы орайда бір топ шәкірті өнер көрсетті.

Қазақтың байырғы жыр-дастандарынан үзінді оқыды.

Кеш қонақтары мен ақынның арасында еркін сұхбат өрбіді. Айтбай Жұмағұлов айтыс өнері турасында ой толғады.

– Айтыс – бұл тек суырыпсалма ақындық қана емес, бұл – ұлттың рухы. Қазақ халқы сөз өнерін қастерлеген. Балалардың ұрпағына өнегесін де осы халық ауыз әдебиетінен табасыз. Айтыста зор тағылым жатыр, – деді Айтбай Жұмағұлов.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ХОККЕЙ

Плей-оффты сәтті бастады

«Сарыарқа» хоккей клубы ел чемпионатының плей-офф кезеңін сәтті бастады. Жерлестер бұл кезеңде рудныйлық «Горнякпен» алғашқы кездесуінде – 6:2, қарымта ойында 5:1 есебімен жеңіске жетті.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Сарыарқа» бұл жолы барын салды. Алғашқы кездесуде ойын басталысымен-ақ соққыны қарша боратып, қарсыластарға шайба бермеді. Нәтижесінде, 2-ші минутта – Егор Кузьменко, 4-ші минутта – Александр Борисевич, 5-ші минутта Сергей Барбашев бірінен соң бірі қарсылас қақпасынан саңылау тапты. Бұдан кейін ойынның 12-ші минутында Руслан Демин төртінші шайбаны салып, небәрі бірінші айналымда есепті 4:0-ге жеткізді.

Екінші айналымда да қарағандылықтар бірінші болып есеп ашты. Бұл жолы 23-ші минутта Данила Карабан көзге түсті. Одан кейін 26-шы және 51-ші минутта рудныйлықтар екі шайба салып, есеп алшақтығын қысқартпақ болып еді. Екі минуттан соң Егор Кузьменко ойындағы екінші шайбамен кездесуде нүкте қойды. Есеп – 6:2.

Қарымта кездесуде, керісінше, руд-

ныйлықтар есеп ашты. Ойынның 9-шы минутында қарағандылықтардың қақпасынан саңылау тауып, есепте алға шыққан еді. Бірақ, қарсыластардың қуанышы ұзаққа созылмады. 13-минутта – Александр Борисевич, 14-ші минутта – Никита Баженов көзге түсіп, командасын оқ бойы озық шығарды. Бұдан кейін қарағандылықтар із суытпай, шайбаны қақпаға тоғытып, қарымта ойында да қарсыласынан басым түсті. 28-ші минутта – Виталий Шульга, 42-ші минутта – Никита Баженов, 59-шы минутта – Руслан Демин шайба салып, командасына жеңіс сыйлады.

Енді қос қарсылас наурыз айының басында сырт алаңда қайтадан қарымта кездесу өткізеді. Онда «Сарыарқа» сырт алаңда ойнайды.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• КЕШ

«Мен өмірді жырлау үшін келгенмін...»

Қазақ поэзиясының заңғар тұлғасы Мұқағали Мақатаев – ұлттық әдебиетке жаңа леп әкелген дара ақын. Оның жырлары қарапайымдылығымен қатар терең мазмұнымен ерекшеленеді. Ақын шығармаларынан туған жерге деген сүйіспеншілік, адамзатқа деген інкәр сезім мен өмірге деген адалдық айқын көрінеді.

Мағжан Жұмабаев атындағы гимназия базасында ақынның 95 жылдығына арналған «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін...» атты поэзия кеші өтті. Тағылымды шараға оқушылар мен ұстаздар, сондай-ақ, академик Е. Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ филология факультетінің студенттері қатысты.

Кеш барысында ақынның өмірі мен шығармашылығы таныстырылып, қатысушылар Мұқағали өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Барлығы 33 өнерпаз өнер көрсетіп, жырмен қатар ақын сөздеріне жазылған әндер орыдалды. Әсерлі әндер мен сырлы өлеңдер көрерменге ерекше рухани әсер сыйлады.

Поэзия кеші мазмұнды әрі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Шара барысында Мұқағали мұрасының бүгінгі ұрпақ үшін маңызы кеңінен насихатталды. Ақын поэзиясы – ұлттық рухтың көрінісі, мәңгілік құндылықтардың айнасы екені тағы бір мәрте дәлелденді.

• ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

Жас балуандар бәсекесі

Балқаш қаласында жасөспірімдер арасында қазақ күресінен облыстық турнир өтті. Дәстүрлі жарыс Ауғанстан соғысында интернационалдық батырлығымен өтеу барысында қаза тапқан жауынгер Самат Нұрғалиевті еске алуға арналды. Боз кілемге шыққан жас балуандар батыр рухына тағзым етіп, тартысты белдесулер өткізді.

Нұрдіс КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

32 келі салмақ дәрежесінде Қарағанды қаласының балуаны Айбар Қаппас қарсыластарының бәрінен басым түсіп, жеңімпаз атанды. 35 келіде Балқаш қаласының намысын қорғаған Алмас Шалқар



Кешті гимназия кітапханашылары Алтынгүл Әбдікәрімова мен Айжанат Жосалбаева ұйымдастырды. Шара соңында үздік өнерпаздарға дипломдар мен бағалы сыйлықтар, қатысушыларға гимназия директоры Саян Жекебаевтың атынан Алғыс хаттар табысталды.

Байқау қорытындысы бойынша ұстаздар мен машықтанушылар арасында бірінші орынды информатика пәні мұғалімі Алтыншаш Дюсенбекова иеленсе, екінші орын Салтанат Тұрысбековаға, үшінші орын Дана Әбдімәжитке бұйырды. Оқушылар арасында

бірінші орынды 10 «А» сынып оқушысы Еркенас Аскарбекова жеңіп алды. Екінші орынды 8 «А» сынып оқушысы Токтар Кәрібаев, ал, үшінші орынды 8 «Ә» сынып оқушысы Аяла Сәрсенбай иеленді.

Мұқағали поэзиясы – уақытпен бірге жасайтын мәңгілік мұра. Ақын жырлары адам жанының терең сырларын қозғап, әр оқырманның жүрегін орын таба береді.

Жанайым ҚАЙДАРОВА,
Мағжан Жұмабаев атындағы гимназияның «Журналистика» сыныбының жас тілшісі

(Балқаш қаласы) жеңіс тұғырынан көрінді. 60 келіде Сәми Жақып үздік атанып, өз салмағында мықтылығын дәлелдеді. 66 келіде Шашубай кентінің балуаны Жалғас Ахмет қарсыластарынан басым түсті. +66 келі салмақ дәрежесінде Балқаш қаласының өкілі Дарын Бахтықын барлық белдесуін сенімді өткізіп, жеңімпаз атанды.

Командалық есепте Балқаш қаласының құрамасы 7 алтын медаль жеңіп алып, көш бастады. Шашубай кенті, Бұқар жырау ауданы және Қарағанды қаласының спортшылары бір-бір алтыннан еншіледі.

БАЛҚАШ

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparagat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ
Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Темиртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК КСЗБЖЗХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 013

№23 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ермаған КЕПЕСБЕКҰЛЫ